

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті



РЖКБҰ

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

№ 2 (1016) 26 ақпан 2025 жыл

11 ақпан - Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні

Құриетті әріптестер!

Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн - ғылым, технология және білім беру саласындағы әйелдердің үлесін атап өтуге тамаша мүмкіндік. Біздің университетіміздегі әйел ғалымдар ғылыми ой-сананы дамытуға зор үлес қосып, инновациялық жобаларға белсенді қатысып, еліміздің және әлемдік ғылымның дамуына ықпал етуде. Сіздердің еңбектеріңіз, күш-жігерлеріңіз бен жаңалықтарға ұмтылыстарыңыз - баға жетпес құндылық. Шын жүректен сіздерге шабыт, кәсіби табыс, жаңа белестер мен үлкен жетістіктер тілеймін! Жұмыстарыңыз әрдайым лайықты бағаланып, әрбір мақсаттарыңыз жарқын жаңалықтарға жеткізсін!

Н.Х. СЕРҒАЛИЕВ,
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
басқарма төрағасы - ректор, б.ғ.к., профессор

«Әке» көрерменге жол тартты



8-бет

Үш күндік хакатон

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен «Astana IT University» базасында үш күндік «Қазақстан университеттері – елдің даму драйверлері» хакатоны өтті. Іс-шара аясында Мәскеу басқару мектебі «Сколково» жоғары оқу орындарындағы трансформациялық үдерістерді модельдеу мүмкіндіктерін таныстырды.

Махамбет университетінің командасы Қазақстанның 22 жоғары оқу орнының өкілдерімен бірге университеттің трансформация стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысып, білім мен ғылымдағы заманауи жаһандық және ұлттық трендтерге сүйенеді. Симуляциялық бағдарлама барысында негізгі басымдықтар ерекше назарға алынды: зерттеу және академиялық артықшылық, университеттің беделі, түлектердің мансаптық мүмкіндіктері, интернационалдандыру, басқару тиімділігі, қаржылық тұрақтылық, тұрақты даму.

Хакатон қорытындысы бойынша университеттің алдағы бес жылға арналған трансформация стратегиясы әзірленді, бұл оның тұрақты өсуі мен дамуының негізіне айналды. Осындай бастамаларға қатысу ең алдымен трансформация командасын қалыптастыруға мүмкіндік береді деп сенемін. Алғашқы күн жігерлендіріп, командамызға деген сенімді нығайтты!



Меморандум о сотрудничестве с ДЧС ЗКО

2025 год в нашей стране объявлен «Годом рабочих профессий». В поддержку этой инициативы наш университет реализует важные мероприятия, направленные на развитие рабочих специальностей.



В числе которых и подписание меморандума с ДЧС ЗКО. В рамках сотрудничества с ДЧС ЗКО мы будем работать по следующим направлениям: подготовка специалистов, оказание практической помощи студентам и обмен необходимыми информационными ресурсами. Так же совместные мероприятия, проведение тренингов и семинаров с участием студентов и сотрудников департамента по актуальным вопросам. Содействие трудоустройству: создание возможностей для успешного трудоустройства наших выпускников. Профессиональная практика: обеспечение студентов базой для прохождения профессиональной практики. Мы уверены, что это сотрудничество откроет новые возможности для молодежи и внесет свой вклад в развитие нашей страны!

Студенттер шеберханасы ашылды

Махамбет Өтемісов атындағы БҚУ-да студенттер шеберханасы ашылды. Бұл жобаның мақсаты – қолынан іс келетін, кәсіп жасауға қабілетті студенттерді қолдау. Жай ғана ұстахана емес, бірнеше кәсіпті дөңгелетіп отыратын тамаша бастама.



Жас кәсіпкерлерге мүмкіндік беретін нысанның ашылу салтанатына басшылық арнайы қатысты. Айтуларынша, студент жастардың білген өнерлерін өз орталарында дамытып, негізгі мамандықпен қоса тағы бір істің иесі атануға үлкен септігін тигізеді екен. Өз ісімді жүргіземін, ақша табамын деген студенттерге шеберханадан орын тегін беріледі. Осы жерде студенттер сабақтан бос уақытта кірпік жабыстырып, тырнақ әрлеп, киім тіге алады. Бұл жоба жалпы Қазақстан бойынша алғашқы болып қолға алынған. Елімізде теңдесі жоқ жоба жастар жанашыры Нұрлан Хабиболлаұлының қолдауымен жүзеге асты. Бұл дегеніміз – болашақ жас мамандарға үлкен тәжірибе. Алдағы уақытта шеберхананың көлемін ұлғайтып, басқа да кәсіп түріне орын дайындау ісі жоспарланған.

Ғылым және жоғары білім министрлігі 2025 жылға арналған жоспарларын таныстырды: жаңа гранттар, AI-Sana және жас ғалымдарды қолдау

7 ақпанда күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Бұл шараға университет ректорлары, ҒЗИ басшылары мен министрлікке қарасты ұйымдардың жетекшілері және сарапшылар жиналды. Күн тәртібінде кадрлар даярлау, инновациялар, технологиялар және өнеркәсіппен ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Министр Саясат Нұрбек өз баяндамасында 2024 жылғы жетістіктерді, министрліктің негізгі бағыттарын және 2025 жылға арналған мақсаттар мен міндеттерді толығырақ баяндап, бұл мәселелер бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Министрдің айтуынша, барлық азаматтар үшін қолжетімді жоғары білім беру — министрліктің басты міндеттерінің бірі. Осы мақсатта 2024-2025 оқу жылына 94 251 грант бөлінді, сондай-ақ бакалавриат студенттеріне стипендия 20%-ға, магистранттар мен докторанттарға 15%-ға артты.

2024 жылы алғаш рет сараланған гранттар енгізілді. Жаңа модель бойынша мемлекет оқу ақысының 50%-ын өтейді, ал студенттер толық стипендия алады.

«Бұл қадам студенттердің қаржылық жүктемесін жеңілдету және олардың оқу жағдайларын жақсарту мақсатында жасалды», — деді министр.

Өткен жылы маңызды мәселенің бірі ретінде «Келешек» бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу туралы заң жобасы қабылданды. «Келешек» жүйесі ата-аналарға балаларын болашақта оқыту үшін қаржы жинақтауға мүмкіндік береді және мемлекет тарапынан біржолғы білім капиталы қарастырылған.

Министрлік сондай-ақ Қазақстанды Орталық Азияның жетекші білім беру хабы ету мақсатында халықаралық серіктестермен ынтымақтастықты кеңейтіп, шетелдік студенттер үшін жағдайды жақсартуды көздеп отыр. Қазіргі таңда Қазақстанда 12 елдің 34 жоғары оқу орнымен стратегиялық серіктестіктер орнатылған. Сондай-ақ елімізде Ұлыбритания, Италия, Қытай, Ресей, АҚШ, Франция және Оңтүстік Кореяның 23 жетекші университетінің филиалдары ашылды.

«Қазақстанды Орталық Азиядағы білім беру және ғылыми алмасудың орталығына айналдыруды мақсат етіп отырмыз, әлемнің түкпір-түкпірінен ең үздік серіктестерді тарта отырып, шетелдік университеттердің филиалдарын ашу және шетелдік студенттердің біздің білімімізге деген қызығушылығы таңдалған бағыттың дұрыстығын көрсетеді», — деп атап өтті Саясат Нұрбек.

Қазақстанда қазіргі таңда 31 500 шетелдік студент білім алуда, олардың қатарында Азиядан келген студенттердің саны ТМД елдерінен келгендерден артты.

Шетелдік университеттер Қазақстанда өз филиалдарын ашу арқылы ел экономикасына инвестициялар тартуға да ықпал етіп жатыр. Мысалы, De Montfort University 16 миллион АҚШ долларын, ал Coventry University 50 миллион АҚШ долларын инвестициялады. Сондай-ақ Лу Бань шеберханаларына 8 миллион юань бөлінді. Бұл инвестициялар білім беру инфрақұрылымын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және еліміздің экономикасына қосымша

мүмкіндіктер жасауға септігін тигізуде.

Білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізу аясында министрлік әлемдегі технологиялар саласындағы көшбасшылармен, мысалы, Coursera, Google, Nvidia, Huawei Technologies Kazakhstan, 01 Edu System және Binance Kazakhstan компанияларымен стратегиялық серіктестіктер орнатты. Бұл келісімдер студенттер мен оқытушыларға ең жаңа білім беру платформалары мен курстарға қолжетімділік берді.

«Мұндай әлемдік алпауыттармен серіктестік оқытушылар мен студенттердің біліктілігін арттыруға және білім беру процесіне инновациялық технологияларды енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашады», — деп атап өтті министр.

Сонымен қатар алқа отырысында министр отандық ғылым мен технологиялық саясат реформалары аясындағы негізгі жетістіктерге тоқталды.

Министр: «Президентіміз ғылымды дамытуға ерекше назар аударуда. Мемлекет тарапынан ғалымдарға, соның ішінде жас ғалымдарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. 2024 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен 315 жас ғалымға пәтер берілді. Олардың 290-ы «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп жүзеге асырылған арнайы несие бағдарламасы бойынша пәтер алды, ал 25-і тегін негізде пәтерге ие болды», — деп атап өтті.

Жиында сондай-ақ Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов сөз сөйлеп, Қазақстанда халықаралық стандарттар мен практикалық тәжірибеге негізделген инженерлік кадрларды даярлау ұлттық моделін дамыту жұмыстары жалғасып жатқанын айтты. Бұл модельдің басты аспектілерінің бірі – жұмыс берушілермен белсенді ынтымақтастық. Мәселен, Satbayev University 39 кафедра филиалын өнеркәсіптік кәсіпорындарда, соның ішінде ТОО «Астанинский электротехнический завод» базасында ашты. Сонымен қатар, еліміздің 30 университеті шамамен 100 колледжбен серіктестік орнатып, өзара білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова 2024 жылы жоғары білімнің цифрлық трансформациясы аясында үлкен қадам жасалғанын атап өтті. Олардың бірі өткен жылы Мемлекет басшысына таныстырылған AI-Sana бағдарламасы болды.

«Бұл бірегей бағдарлама 100 мың қатысушыны қамтиды және білім беру, зерттеу және қолданбалы тәсілдерді біріктіреді. Бағдарлама Stanford University, Imperial College London сияқты жетекші университеттердің әлемдік деңгейдегі сарапшыларының қатысуымен әзірленді. Біз оның жаңа технологиялар дәуіріне мамандар даярлау үшін берік негіз жасайтынына сенімдіміз», — деді Динара Щеглова.

Сондай-ақ еліміздің жоғары оқу орындары



үшін жасанды интеллект стандарты қабылданды. Нәтижесінде 20 жетекші университет 20 білім беру бағдарламасын әзірледі, бұл жасанды интеллект саласындағы жаңа мамандарды даярлау үшін негіз болды.

Жиын соңында министр Саясат Нұрбек Ғылым және жоғары білім министрлігі білім сапасын жақсарту, ғылымды қолдау және инновациялық технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмысты жалғастыратынын, бұл Қазақстанның халықаралық аренадағы ұстанымын нығайтуға және бәсекеге қабілетті білім беру жүйесін құруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

«Біз мемлекеттің, университеттердің, ғылыми ұйымдардың және халықаралық серіктестердің күш-жігерін біріктіру еліміздің табысты болашағының кілті болатынына сенімдіміз», — деп Министр алқа отырысын қорытындылады.

ГЕНЕТИКА ЖӘНЕ ФИЗИОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҒАЛЫМДАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ ТӨБЕТ ТҰҚЫМДЫ ИТТЕРІНІҢ ШЫҒУ ТЕГІН ЗЕРТТЕДІ

2024 жылғы 4 қазанда әлемдегі ең көп сілтемелер жасалған бес ғылыми журналының қатарына кіретін «SCIENTIFIC REPORTS» журналында қазақстандық ғалымдардың «Қазақтың төбет тұқымының генетикалық әртүрлілігі және шығу тегі» атты мақаласы жарияланды.

Зерттеулер ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетіне қарасты Генетика және физиология институтында жүргізілді. Ғалымдар өздеріне үш негізгі бағытты анықтап алды: тұқымның әртүрлілігі, шығу тегі және көнелігі.

Қазақ төбеті – қазақтың ұлттық тұқымды иттері, олар ежелден үй жануарларын қорғауға пайдаланылған. 2023 жылғы 20 қаңтарда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақ ит тұқымдарын сақтау және көбейту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Осыған орай, Президент былай деп атап өтті: «Біз тазы және төбет тұқымдарын халықаралық аренада насихаттауға тиіспіз».

Генетикалық зерттеу осы тұқым туралы таңғажайып фактілерді ашты. Ғалымдар Қазақстан мен Моңғолияның

түрлі өңірлерінен 107 итті зерттеп, ДНҚ-ның тізбегіндегі қысқа тандемді қайталауларды (STR) талдаумен жұмыс істеді. Сонымен қатар олар екі төбет иттің толық геномдық секвенирлеу деректерін пайдаланып, оларды басқа 24 жұмысшы ит тұқымының геномдарымен салыстырды.

Зерттеуші топ: Анастасия Перфильева, Кира Беспалова, Елена Кузовлева, Рустам Мусабаев, Мамура Бегманова, Альмира Амиргалиева, Ольга Вишнякова, Инна Назаренко, Әсел Жақсылықова, Арайлым Ержан, Юлия Перфильева, Татьяна Джембаева, Анна Хамчукова, Константин Плахов, Айбын Төреханов, Лейла Жансүгірова, Гүлнұр Жунусова, Бахытжан Бекманов.

Зерттеу нәтижелері төбеттің жеті түрлі генетикалық кластерден тұратынын көрсетті, бұл тұқымның бай әрі

күрделі мұрасын білдіреді. Тұқымның ежелден ұсақ малмен бірге көшіп-қонып жүргендіктен, оның біртекті болмауы мен шектелмеуі қиынға соқты. Сонымен қатар осындай генетикалық әртүрлілік тұқымға басқа тұқымдардан қанның үздіксіз құйылып отырғандығын көрсетеді.

Ерекше қызықты жайт, ғалымдар төбет тұқымының тибет мастифтерімен туыстығы туралы әлі күнге дейін кең таралған гипотезаны жоққа шығарды. Филогенетикалық талдау осы тұқымның түрік ақбасына жақын екенін, ортаазиялық төбетпен туыстығын және тибет мастифінен кем емес ежелгі екенін көрсетті. Мұны митохондрия ДНҚ-ның тізбегін талдау да растады. Екі төбет иттің А18 гаплотипі анықталып, ол ең көне жеті гаплотиптің қатарына кіреді.

Зерттеу нәтижелері тек көне тұқымның құпияларын ашып қана қоймай, оны сақтау мен жақсарту үшін алғашқы ғылыми негізді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ ҚЫТАЙ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Хань Чунлиньмен кездесті. Тараптар екі елдің жоғары білім және ғылым саласындағы ынтымақтастығының қазіргі жағдайы мен перспективаларын талқылады.

Министр елшіге Қазақстанның жоғары білім және ғылым жүйесін дамыту және нығайту үшін министрлік жүргізіп жатқан реформалар туралы айтып берді. Оның ішінде Орталық Азияда білім беру хабын құру жоспарлары туралы да айтылды. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев анықтаған ведомствоның негізгі басымдықтары таныстырылды.



ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ
ҚЫТАЙ ЕЛШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ
МИНИСТР НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РК
ВСТРЕТИЛСЯ С ПОСЛОМ КИТАЯ

@gylym_jogarybillim @gylymjogarybillim @gylym.jogarybillim @gylym_jogary_billim

Кездесу аясында Саясат Нұрбек Д.Серікбаев атындағы ШҚТУ базасында және Астана Халықаралық университетінің базасында Пекин Тіл және мәдениет университетінің филиалында жұмыс істейтін Лу Бан шеберханасының бірегейлігін атап өтті. Министр қазақстандық және қытайлық жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы студенттерге оқыту мен кәсіби есу үшін бірегей мүмкіндіктер беретінін, тілдік дағдыларды, мәдениетаралық коммуникация мен ғылыми зерттеулерді дамытуға ықпал ететінін атап өтті.

Өз кезегінде, Қытай елшісі Хань Чунлинь мырза екі ел арасындағы білім беру саласындағы әріптестіктің қалыптасқан жоғары деңгейін атап өтіп, қазақстандық жастардың ҚХР-да оқуға деген қызығушылығын ерекше атап өтті, бұл олардың қытай тілі мен мәдениетін оқуға деген қызығушылығын көрсетеді.

Талқылау барысында тараптар Орталық Азия және Қытай елдерінің білім министрлерінің алғашқы кездесуін өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін, сондай-ақ екі елдің жоғары және кәсіптік оқу орындарымен академиялық және ғылыми ынтымақтастықты кеңейту мақсатында және ҚР мен ҚХР уәкілетті ведомстволары арасында өзекті мәселелер бойынша тұрақты тікелей байланыстар орнату мақсатында жоғары білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық жөніндегі Кіші комитет құру перспективасын қарастырды.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар серіктестік қатынастарды дамытуға және жоғары білім мен ғылым салаларындағы ынтымақтастықты тереңдетуге деген ұмтылыстарын растады.

ҚР ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРІ САЯСАТ НҰРБЕКТИҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫ ӨТТІ

20 ақпан күні, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің азаматтарды жеке қабылдауы өтті. Қабылдауға сондай-ақ министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері қатысты.

Қабылдауға қатысушылар ауыл шаруашылығын дамыту мен ғылыми зерттеулердің тәжірибелік аспектілеріне қатысты ұсыныстарымен бөлісіп, өздерінің ғылыми жобаларын таныстырды. Сондай-ақ жоғары білім саласындағы бағдарламалар бойынша сұрақтар қойылды.

Министр Саясат Нұрбек азаматтарды тыңдап, министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар және алдағы уақыттағы жоспарларға тоқталды. Ол Қазақстанның ғылым мен жоғары білім саласында академиялық хаб ретінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар ведомство жүзеге асырып жатқан ғылыми зерттеулер мен білім беру реформаларына ерекше мән беретінін жеткізді.

Қабылдауда барлық көтерілген мәселелер бойынша заңнамалық негізде тиісті жауап беріліп, ұсыныстар мен пікірлер ескеріліп, шешімдер қабылданатыны туралы айтылды. Министр азаматтардың ғылым және жоғары білім саласындағы сұрақтарына ашық және шынайы жауап беруге дайын екенін атап өтіп, министрліктің қолдау көрсетуге ұмтылатынын мәлімдеді.



ынтымақтастықты дамыту маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар, министр Цуладзе Саясат Нұрбекті жақын арада Грузияға шақырып, жаңа Кутаиси халықаралық мемлекеттік университетінің қызметімен танысуға ұсыныс жасады.

Ресми кездесудің қорытындысында министрлер Қазақстан мен Грузияның жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықтың табысты дамуына сенім білдірді. Олар қол қойылған келісімнің екі елдің студенттері мен ғалымдарына білім мен ғылымды одан әрі дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер туғызатынын атап өтті.

Қазақстан мен Грузия студенттерімен алмасу туралы келісімге қол қойылды

Жуырда Грузия Премьер-Министрі Иракли Кобахидзенің Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Грузияның Білім, ғылым және жастар министрлігі арасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылым саласында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша 5 білім алушымен теңгерімді алмасуды қарастырады.

Биылдан бастап Қазақстан азаматтарының Грузияда тегін білім алып, стипендия иеленуге мүмкіндіктері бар.

Екі ел министрлерінің кездесуі барысында екі жақты ынтымақтастықтың келешегі, академиялық мобильділікті кеңейту, ғылыми тағылымдамалар мен шетелдік студенттер санының артуы мәселелері талқыланды.

Министр Саясат Нұрбек Грузия мамандарының Қазақстан жоғары оқу орындарында даярлануының маңызды екенін және де еліміздің ғылыми әлеуетін дамытуға елеулі үлес қосуы мүмкіндігін атап өтті.

Министр Александр Цуладзе жоғары білімнің соңғы даму үрдістері туралы айтып, бірлескен ғылыми

кездесу барысында Гонконг білім академиясының Қазақстандағы қызметі мен дамуы талқыланды. Бұл бастама Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетімен бірлесіп жүзеге асырылуда.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Гонконг педагогикалық университетінің өкілі Ли Чи Кин Джон мырзамен кездесті

Саясат Нұрбек қонақтарға жоғары білім саласындағы реформалармен, оның ішінде Орталық Азияда білім беру хабын құру жоспарымен таныстырды. Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған Министрліктің негізгі басымдықтары ұсынылды.

Кездесудің басты тақырыптарының бірі «EdUNK

– қазақстандық білім беру академиясын» құру болды. Оның негізгі міндеттері – педагогика және білім беру саласындағы озық зерттеулерді ілгерілету, сондай-ақ Гонконг пен Қазақстан арасындағы академиялық алмасуға ықпал ету. Бұл бастама мәдени өзара түсіністікті дамытуға және халықаралық әріптестікті нығайтуға септігін тигізеді.

Нәтижесінде екі өңірдегі академиялық ортаны жақсарту және тұрақты білім беру тәжірибесі жөніндегі жаһандық пікірталастарға үлес қосу күтіледі. Осы мақсатқа жету үшін Академияның үш негізгі функциясы айқындалды. Атап айтқанда, пәнаралық және инновациялық білім беру бағдарламалары арқылы педагогика және білім беру саласындағы озық зерттеулерді дамыту, Орталық Азиядағы «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысушы елдермен ынтымақтастық орнату, өңірдегі білім беру жүйелерін жақсарту және Қазақстанның Орталық Азиядағы білім беру орталығы ретіндегі орнын нығайту үшін академиялық алмасуды кеңейту. Сондай-ақ Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарында екі озық тәжірибе орталықтары құрылды.

Абай университетінде «Инклюзивті білім беру және білім берудегі жасанды интеллект» орталығы инклюзивті және арнайы білім беру, сондай-ақ білім беру технологиялары мен жасанды интеллект бағытында жұмыс істесе, QuzPU-да бағалау әдістерін жетілдіруге және білім беру көшбасшылығын дамытуға бағытталған «Көшбасшылық, STEAM-білім беру және бағалау» орталығы қызмет етеді.

Салт-дәстүрім - қазынам!

М.Өтемісов атындағы БҚУ Физика-математика факультетінде қазақ халқының ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Салт-дәстүрім – қазынам!» атты зияткерлік сайыс өтті.

Бұл іс-шара жас ұрпақтың қазақ халқының мәдени мұрасына деген құрметін арттырып, ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға бағытталды. Сайыс барысында студенттер халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін тереңірек танып, рухани байлыққа жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік алды. Бірнеше кезеңнен тұратын сайыс барысында қатысушылар ұлттық дәстүрлерге қатысты сұрақтарға жауап беріп, мақал-мәтелдерді орнымен қолдану, тыйым сөздерді табу, сахналық қойылымдар арқылы дәстүрлерді көрсету сынды тапсырмалар орындады. Нәтижесінде, сайысқа қатысушылар қазақ халқының салт-дәстүрлерінің өміріміздегі маңызын тағы бір мәрте ұғынып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге өз үлестерін қосты. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, рухани жаңғыруға бірге атсалысайық!



Қазақтың ұлттық музыкасы – мәңгілік мұра!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Қазақтың ұлттық музыкасындағы құндылықтар» атты тағылымды іс-шара өтті.

Қазақ халқының сан ғасырлық музыкалық мұрасын дәріптеген бұл кеш ұлттық рухты көтеріп, жастардың төл өнерге деген қызығушылығын арттырды. Кеш барысында: «Мен – мен едім, мен едім» термесі орындалды, ұлттық аспаптар таныстырылды, Құрманғазының «Адай», «Көрұғлы» күйлері шырқалды, қазақтың танымал әндерінен әсем әуендер орындалды, «Өз елім» әні хор болып шырқалды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу – біздің басты міндетіміз!



Болашақ мәдениет мамандары үшін маңызды кездесу

Жақында Қадыр Мырза Әли атындағы мәдениет және өнер орталығынан келген мамандармен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Мәдениет және өнер факультетінің 3-4 курс студенттерімен мазмұнды кездесу өтті.

Кездесуде «Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығының маңыздылығы, болашақта осы салада тәжірибе жинақтау мүмкіндіктері мен жұмысқа орналасу жөнінде пайдалы кеңестер берілді. Студенттер орталықтың

мәдени іс-шараларды ұйымдастырудағы тәжірибесімен танысып, білікті мамандардан құнды ақпарат алды. Сондай-ақ орталық жастарының қатарына қосылып, ерікті ретінде тәжірибе жинауға шақырту алды. Бұл – шығармашылықпен айналысқысы келетін, мәдениет саласында өзін дамытқысы келетін жастар үшін үлкен мүмкіндік! Егер сен де мәдени іс-шараларға атсалысып, шығармашылығыңды дамытқың келсе – Қадыр Мырза Әли орталығының есігі саған әрдайым ашық!



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениеті, дәстүрі, дүниетанымы, және өмір сүру салтының жиынтығы. Олар белгілі бір ұлттың өзіндік ерекшелігін көрсетіп, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келеді. Ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту және оны келешек ұрпаққа жеткізу – әр азаматтың қасиетті парызы. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары ата-баба мұрасымен тығыз байланысты. Олардың негізінде қазақтың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі мен өнері жатыр. Тіл – ұлттың жаны. Ана тіліміз арқылы халқымыздың бай тарихы мен рухани әлемін танып, ұлттық бірегейлігімізді сақтай аламыз. Қазақ тілі – халқымыздың мәдениеті мен таным-түсінігінің алтын қазығы. Салт-дәстүр – ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Қазақ халқының қонақжайлылығы, үлкенге құрмет, кішіге ізет, табиғатпен үйлесімді өмір сүру секілді қасиеттер салт-дәстүрлер арқылы көрініс табады. Мәселен, қыз ұзату, бесікке салу, тұсау кесу сияқты ғұрыптар отбасылық құндылықтарды дәріптеп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтайды. Ұлттық өнер мен музыка – халықтың рухани қазынасы. Домбыраның үні, айтыстың өнері, күй мен терме – халқымыздың ұлттық болмысының айнасы. Сонымен қатар ұлттық киімдер, ою-өрнектер мен қолданбалы өнер де қазақ мәдениетінің табызды бөлігі. Бұл өнер түрлері халқымыздың табиғатқа, әсемдікке деген сүйспеншілігін көрсетеді. Ұлттық құндылықтар халықтың рухани тірегі ғана емес, сонымен бірге оның біртұтастығын қамтамасыз ететін негізгі фактор. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды сақтау ерекше маңызды. Жаңа заманның талаптары мен технологиялары ұлттық мәдениеттің жойылып кетуіне себеп болмауы керек. Керісінше, жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ұлттық құндылықтарды жаңғырту – заман талабы. Ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін отбасындағы тәрбие үлкен рөл атқарады. Балаларды кішкентай кезінен ұлттық мәдениетке баулу, туған жерін, ана тілін сүйуге үйрету арқылы біз болашақ ұрпақтың санасына ұлттық рухты сіңіреміз. Мектептер мен жоғары оқу орындарында да ұлттық тарих пен мәдениетті оқыту маңызды. Сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарды дәріптейтін жобаларды жүзеге асыру керек. Ұлттық құндылықтарды сақтап, дамыту – елдің болашағын нығайтуға бағытталған маңызды қадам. Қазақ халқының бай мұрасы – біздің мақтанышымыз әр жаһандық мәдениетке қосқан үлесіміз. Ұлттық құндылықтарды құрметтеп, оларды келешек ұрпаққа жеткізу арқылы біз ұлтымыздың мәңгілік болашағын қамтамасыз етеміз. Қорытындылай келе, ұлттық құндылықтар – әрбір халықтың рухани негізі. Қазақ халқының ұлттық мәдениет мен дәстүрлері біздің бірегейлігімізді айқындап, ұлт ретінде сақтап қалуымызға жол ашады. Оларды ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті міндетіміз.

Айым СЕРІК,
ЭКО-11 студенті



Фариза Оңғарсынова – қазақ әдебиетінің, қазақ қоғамының көкжиегінде жарқырап тұрған жұлдыздардың бірі. Оның өлеңдері терең сезім, айрықша мінез бен ой және сөздің тәуелсіздігін ұстанатын, қайсар қазақ қызының рухын көрсетеді. Қазақ поэзиясында өзіндік орны бар ақын рухани құндылықтарды дәріптей отырып, қоғамның әлеуметтік мәселелеріне, адам жан дүниесінің ішкі әлеміне терең үңілуге ұмтылады. Оның өлеңдері мен өзіне тән шығармашылық қабілеті тек сөздің емес, рухтың да биік шыңы. «Патша сөздің Фаризасы» деп танылған ақынның жазбалары әдебиетте ғана емес, қоғамның сана-сезіміне ерекше әсер етті. «Фариза — өз жырын жүрегімен сезгенін, адам табиғатынан байқағанын сыршылдықпен сидырып, адамның алуан сезімдері мен

«Патша сөздің Фаризасы»

«Абай бастаған ұлы ақындары бар елде қыздан шыққан Фаризасы болу да – Қазақ елі үшін керемет жарасым. Мен осы жарасымды көргеніме бақыттымын».

Әбділдә ТӘЖІБАЕВ

сәттерін, өмір құбылыстарын өз жүрегінің дүрсілімен бере білетін ақын» деп Мәриям Хакімжанова апамыз айтып өткендей, оның жырлары әрдайым шынайылыққа, әділдікке және ақиқатқа бағытталған. Ақынның шығармаларында әйел затының ішкі жан дүниесі, махаббаты мен мұңы, ана мен туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі терең әрі көркем бейнеленеді. Әсіресе, оның шығармашылығында әйелдің қоғамдағы орын мен рөлі басты негізгі тақырыптардың бірі болып келеді. Фариза ақын тек нәзік жандылардың мұңын ғана емес, бүкіл адам баласының арман-тілегін, қайғысы мен қуанышын жырлады.

Фариза әпкеміз – нәзік жүректі ақын, бірақ оның қаламынан туған өлеңдер жігерлілікпен, күрескерлік болмыспен суарылған. Ол нәзік болмысты әйелдердің өмірдегі өз орнын табуға деген құштарлығын жырлай отырып, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтерді. Әсіресе, әйелдер тағдырына арналған өлеңдері арқылы ол қазақ поэзиясына жаңа леп әкелді. Фариза әпке әйелдің мұңын, қуанышын, нәзік жүрегінің тұңғығын ешкімге ұқсамайтын ерекше мәнермен жырлап, әйелдіктің құдіретін паш етті. Фариза ақын ретінде өз заманының бейнесін көрсете отырып, өлеңдеріне мәңгілік мағына берді. Ақын поэзиясындағы тағы бір маңызды қыр – адамзаттың және ұлтшылдық рухы. Қоғамдық әділеттілік, адамның бостандығы

мен ар-ожданы үшін күрес оның поэзиясында үлкен орын алды. Ақын шындықты айту жолында ешкімге жалтақтаған жоқ, ақиқаттың жаршысы бола білді.

Фариза шығармашылығы қазақ поэзиясының, прозасының рухани байлығын арттырды. Оның жырларындағы терең философиялық ойлар, батылдық пен нәзіктік үйлесімі, қазақ халқының рухани мұрасын байытып қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтерді. Ұлы сөздің иесі ретінде ол қазақ әдебиетінің алып шыңына шықты, өзінің дара жолын салып кетті. «Патша сөздің Фаризасы» деген атау оның қаламының қуатын, ойының өткірлігін, сезімінің шынайылығын көрсетеді. Оның туындылары – қазақтың ішкі жан дүниесінің байлығы, ұлттың мақтанышы. Оның өлеңдері ұрпақтан ұрпаққа жетіп, мәңгілік азық болары сөзсіз. Ақынның мұрасы өшпестей, өйткені ол ұлттық болмысты, жанның адам білмес сырларын жырға қосты. Қайталанбас жырлары арқылы өз жұртының, халқының жүрегінде мәңгіге қалады деп ойлаймын. Өзі өмірден кетсе де, өміршең жырлары естен кетпейтін тұлға бала жүректен, пейілі кең дана жүректің түкпірінен ойып тұрып орын алары даусыз. Фариза апамыз ол ақындардың ішіндегі ең данасы, дарасы. Қазақ қызына әсте қиын болар өлеңді өмірге айналдырған аяулы жан сана биігінде тоғысқан тағдырлардың өлеңнен

үлгі-өнеге алуларына нағыз себепші жан деп білемін! Эссемді қорытындылай келе, өлең жолдарымен аяқтауды жөн көрдім.

Қазақтың падишасы!

Бір ғасырға бір ақын, дара туған, Жарық жұлдыз, халқы үшін жаратылған. Атыраудың мәңгілік бұлбұлдай Өрлігі ескен қомдаған қанатынан.

Өмір жолы өрілген өлеңменен, Өлең! Өлең! Тек соған елеңдеген. Ғұмырын суреттейтін сұңғыла жыр, Бағасына ешнәрсе теңелмеген.

Заманның тап келсе де қиынына, Мойымай дауылы мен құйынына. Келешегі тамсанып қарайлайды, Жырменен сомдап кеткен бұйымына.

Архивтерде шаң басып өлеңдерін, Жатқаны жоқ, тозбадың, көнермедің. Өн ғып айтып бар қазақ өлеңінді. Жыр ғып оқып келеді өрендерін.

Қазағымның жаралған ақ таңы үшін, Өлгеннен соң мақталып жатқаны шын. Өлмейтұғын артына жыр қалдырған, Фариза ақын – еңселі, мақтанышым, - деп Фаризаның ұлылығын, даралығын жырға қосу бала жүрек үшін абырой мен мақтаныш деп ойлаймын.

«Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, Өлмейтұғын артына жыр қылдырған» – Фариза апамыздың өзінен өзгеге ұқсамайтын жырлары мәңгі жүрек төрінде!

Альфия БИМҰХАН,
ҚТӨ-13 студенті

Мұқағали Мақатаев: ПОЭЗИЯНЫҢ МӘҢГІЛІК ШАМШЫРАҒЫ



Мұқағали Мақатаев – қазақ поэзиясының алтын қазынасына айналған ұлы ақын. Оның шығармалары терең мағынасы мен сыршыл сезімге толы болуымен ерекшеленеді. Ол адамзаттың рухани әлеміне үңіле отырып, қарапайым өмірдің ұлы құндылықтарын ашып, мәңгілік мұра қалдырды. Мұқағали 1931 жылы Алматы облысы, Нарынқол ауданына қарасты Қарасаз ауылында дүниеге келді. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл кезеңдегі ауыр тұрмыс жағдайлары ақынның болашақ шығармашылығына әсер етті. Мұқағали өмірден көргенін, сезгенін, жүрегімен түсінгенін өлеңге айналдыра білді. Ақынның басты тақырыптары – туған жерге деген сүйіспеншілік, табиғаттың сұлулығы, махаббат, адамгершілік және өмір философиясы. Оның өлеңдерінде қазақ даласының шексіз кеңдігі мен табиғаттың тұмса көріністері терең бейнеленген. Мысалы, «Үш бақытым» өлеңінде

ақын туған жерді, ана тілін және халқын нағыз бақыт ретінде жырлайды. Бұл үш қасиет – оның шығармашылығының негізі әр қазақтың рухани байлығының белгісі. Мұқағалидің поэзиясы өз заманының болмысын көрсетіп қана қоймай, адамзатқа ортақ құндылықтарды дәріптейді. Ол адам өмірінің әр сәтін ерекше көркемдікпен суреттей отырып, оқырманға терең ой салады. Ақынның махаббат лирикасы да ерекше орын алады. Оның нәзік сезімдері мен шынайы махаббатты жырлаған өлеңдері жүрекке жақын әрі әсерлі. Мұқағали шығармашылығының шыңы – оның «Аққулар ұйықтағанда» атты поэмасы. Бұл туынды адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің мәнін ашып, рухани құндылықтардың маңызын көрсетеді. Ақынның табиғатты қорғауға, оған құрметпен қарауға үндейтін ойлары қазіргі экологиялық мәселелермен үндес келеді. Мұқағалидің шығармашылығы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде танымал. Оның өлеңдері бірнеше тілге аударылып, қазақ поэзиясын әлемге танытты. Ақынның сөздері қарапайым әрі терең, оның өлеңдерінен әр оқырман өзін табады. Ақын өмірден ерте озғанымен, артында өшпес мұра қалдырды. Оның өлеңдері халықтың жүрегінде мәңгі сақталып, жас ұрпақтың рухани байлығына айналды. Бүгінде Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы әдебиет сүйер қауым үшін шабыт көзі болып табылады. Оның есімімен көшелер, мектептер аталып, ескерткіштер қойылды. Мұқағали Мақатаев – поэзияның мәңгілік шамшырағы. Ол қазақтың жан дүниесін, оның болмысын, табиғатын жырлай отырып, ұлт руханиятының биік шыңына айналды. Ақынның әрбір өлеңі – халқына қалдырған өсиеті, оның жанайқайы мен сүйіспеншілігінің көрінісі. Сондықтан Мұқағали поэзиясы мәңгілік.

Айым СЕРІК,
ЭКО-11 студенті

«К.И. Сатпаев и Казахстан сегодня»



профессиональных кадров и финансирования, группой молодых учёных под руководством К. Сатпаева было открыто крупнейшее в мире Джезказганское месторождение меди. Это открытие вывело Казахстан на первое место в СССР по количеству разведанных запасов меди, что не могло не вызвать восхищения профессионализмом учёных и стало началом открытия крупных запасов железных, не-легирующих и марганцевых руд, а также других месторождений. На мой взгляд, всё это способствовало развитию экономики страны, привлечению инвестиций, а также укреплению патриотических чувств, идентичности и самосознания граждан Казахстана.

Нельзя не отметить заслуги К. Сатпаева в создании Академии наук Казахской ССР и других научных учреждений. Казахстан стал центром исследований не только Центральной Азии, но и за её пределами.

Улицы, города, социально значимые объекты носят его имя, в том числе одна из школ в нашем селе Таскала. Всё это в целом способствует развитию приоритетов, направленных на повышение уровня образования в стране, интеллектуального и научного потенциала.

В заключение хочу сказать, что благодаря усилиям таких учёных, как К. И. Сатпаев, сегодняшний Казахстан продолжает развиваться как современное государство, стремясь к научным открытиям и укреплению своей позиции на мировой арене, сохраняя культурную и историческую самобытность. Современным выпускникам школ необходимо не утратить данное наследие великого учёного, использовать его научный и образовательный потенциал для дальнейшего обучения, профессионального становления и вклада в развитие нашей страны.

Мадина БАЙМУКАШЕВА,
РЯЛ-12

Алишер Кочабаев, внучатый племянник К.Сатпаева, так говорил о своем дяде: «Каныш Сатпаев — учёный мирового значения. Сможем ли мы достичь того же?» Наверное, в Казахстане нет людей, которые не знают о заслугах этого человека. К. Сатпаев — великий сын казахского народа, известный учёный, политик, общественный деятель, 125-летие которого отмечают в Казахстане.

Его имя неразрывно связано с обнаружением месторождений, которыми богата наша земля. Благодаря исследованиям и открытиям в области геологии, проведённым К. Сатпаевым и его коллегами Казахстан стал одним из крупнейших производителей минеральных ресурсов в мире.

Ещё в далёкие и трудные годы становления Советской власти на казахской земле, несмотря на отсутствие

АҚИҚАТ МҮШЕЛЕРІ ТАСҚАЛАДА!

Жуырда Тасқала ауданында «Director's CUP» облыстық пікірсайыс турнирі өтіп, оған Тасқала ауданының білім беру мекемелерінің басшылары қатысты. Турнирдің мақсаты – Тасқала ауданының білім бөлімінде дебат пен шешендік өнерді дамыту болып табылады. Әсіресе, қазылар алқасын түгелдей «Ақиқат» қоғамдық қорының мүшелері болып табылатын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің студенттері қамтамасыз еткені ерекше. Бұл олардың пікірсайыс саласындағы жоғары құзыреттілігін және дебат мәдениетін дамытуға қосқан үлесін дәлелдейді.



Турнир қорытындысы бойынша өзінің объективтілігі мен төрелік шеберлігінің жоғары деңгейін көрсете білген Гиниятолла Гүлмаржан «Үздік төреші» номинациясымен марапатталды. Бұл іс-шара Тасқала өңірінде пікірсайыс қозғалысын дамытуда, білім беру ұйымдарының басшылары арасында шешендік өнерді кеңінен насихаттауда және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын

жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Құттықтаймыз! Бұл университет студенттерінің пікірсайыс пен білім саласын дамытуға қосқан қомақты үлесі.

Альбина АХАНОВА,
Филология факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан
орынбасары

Ашық сабақ өтті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тарих, экономика және құқық факультетінде ұйымдастырылған «Жоғары мектепте инновациялық білім беру технологияларын қолдану тәжірибесі» тақырыбындағы әдістемелік айлығы аясында Құқық БББ студенттері Орал қалалық қылмыстық атқару жүйесі департаменті қызметкерлерімен кездесу түріндегі ашық сабақ өткізді.

Аталған іс-шарада сотталғандардың құқықтарына қатысты төмендегідей мәселелер қарастырылды:

1. Сотталғандарға қатысты Құқық қорғау органдарының міндеттері, яғни: Сотталғандарды заңсыз қинау немесе психологиялық қысым көрсетуге жол бермеу, қылмыстық процесстің барлық кезеңдерінде сотталғандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

2. Сотталғандардың негізгі құқықтарына қатысты қорғану құқығы, яғни сотталғандардың өз қорғанысын таңдауға және қорғаушы жалдауға құқығын қамтамасыз ету, заңды көмек алу құқығы, адвокаттың көмегіне жүгіну мүмкіндігі, ұсталған сәттен бастап, оған құқықтары



туралы хабарлау міндеті, өз пікірін айту құқығы.

3. Құқық бұзушылықтарға қарсы шаралар, атап айтсақ, сотталғандардың тұтқындау кезінде заңды құқықтарының бұзылуына жол бермеу, құқықтық көмек көрсету және қайта қарау механизмдері.

4. Халықаралық құқық пен ұлттық заңнама, мысалы,

Әдістемелік айлық өткізілді

Университет деңгейінде «Жоғары мектепте инновациялық білім беру технологияларын қолдану тәжірибесі» тақырыбындағы әдістемелік айлық өткізілді. Құқық БББ аға оқытушысы, з.ғ.м. А.К.Есенгазиева оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу мақсатында студенттердің білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, ғылыми жұмыстар мен жобаларға қатысуда белсенділік таныту үшін, теориялық білімдерін тәжірибеде ұштастыра алу дағдыларын жетілдіру мақсатында жаңа форматтағы оқу процессін ұйымдастыруға арналған «Әкімшілік жаза және әкімшілік ықпал ету шаралары» тақырыбында дәріс форматындағы сабақ өткізілді.

Сабақ барысында ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтардың статистикасы көрсетіліп, оларға анализ жасалды, ҚР әкімшілік жазалардың жүзеге асырылу формалары көрсетілді. Сонымен қатар сабақ барысында викторина ұйымдастырылып, студенттер 2 топқа бөлініп, арнайы тақырыпқа қатысты ситуациялық сұрақтар шешілді. Әкімшілік құқығы пәні бойынша жүргізілген дәріс сабағы жоғары оқу орындарында инновациялық технологияларды енгізудің заманауи тәжірибелерін қолдануға теориялық білімді практикамен ұштастыру әдістері мүмкіндік берді. Әдістемелік айлық барысында жүргізілген барлық сабақтар барысында студенттер құқық қорғау органдарында, қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу барысында қолданылатын жаңа заманауи технологиялармен, құралдардың түрлерімен танысу, көру, оларды қолдану мүмкіндіктеріне ие болды. Сонымен қатар әдістемелік айлық кезінде құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен ұйымдастырылған кездесулер заңдарға енгізілген өзгерістерді саралауға, іс жүргізу процессінің негіздерін саралауға, қоғамда болып жатқан әкімшілік құқық бұзушылықтардың түрлерін саралауға, әкімшілік жазалар мен жазадан босатудың негіздерін қолдану барысы қалай жүргізіліп жатқандығы туралы тікелей ақпараттарды бірінші ақпарат көздерінен алу студенттердің оқу процессіне деген қызығушылықты арттыруға негіз болатыны сөзсіз. Мұндай мақсаттағы сабақтар мен кездесулер жоғары оқу орындарының студенттерімен қоса оқытушыларына да теориялық білімдерді практикада ұштастырып, құқықтық анализдер жасауға, заманауи технологияларды қолдана отырып, оқу процессін жетілдіруге мүмкіндіктер береді.

адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Азаптауға қарсы конвенция.

Кездесу барысында студенттер мен құқық қорғау органы қызметкерлері арасында пікір алмасулар болды. Студенттер тарапынан қылмыстық жазаны өтеуге қатысты көптеп сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Аталған іс-шара Құқықтану БББ аға оқытушысы Т.И.Казиев, аға оқытушы з.ғ.м. А.У.Самуратова, аға оқытушы з.ғ.м. А.К.Нұржанова, аға оқытушы К.У.Кумарованың ұйымдастыруымен өткізілді.

II семестрдің алғашқы іс-шараларының бірі

Қаңтар айының 27 жұлдызы қара шаңырағымыздың төрінде Филология факультетінің 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Синергия» университеті арқылы келген студенттерді қарсы алу іс-шарасы өтті.

Жиынды студенттеріміз жоғары деңгейде өткізді. Іс-шара барысында синергиялық 50 студентіміз жаңа ортамен етене араласып кетуі үшін түрлі-түрлі ойындар ойнатылды. Сонымен қатар кеште ән айтып, би де биледі. Кешіміздің қонақтары болып филология факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Альбина Сансызбайқызы және оқу ісі жөніндегі орынбасары Әли Ғаббасұлы қатысты. Жас буынның алғашқы ұйымдастырған іс-шарасына қолдау білдіріп Рану Русланқызы мен Бекмарғұлан Мұхтарұлы бастаған аға буын 2-3 курс студенттері де келді. Жаңа ортамен сіңісу үшін осындай жылы кештердің құнды екенін көрсетіп жүрген филология факультеті жасай берсін!

Меруерт АЙҒАБЫЛҚЫЗЫ,
Кяланел-23 студенті



В стенах Университета имени Махамбета Утемисова состоялась встреча с «Лучшим преподавателем 2024 года» Нурғалиевой Агилей Мустахимовной. Доктор исторических наук, профессор, и настоящий пример целеустремленности, Агила Мустахимовна продолжает вдохновлять студентов и коллег на достижение научных вершин и образовательных успехов.

Агила Мустахимовна родилась в 1981 году в городе Ярославле в семье с уникальным культурным фоном — её мать была русской, а отец казахом. Вопрос о том, как она пришла в педагогическую деятельность и научную работу, вызывает у неё улыбку. Вспоминая школьные годы, она утверждает: «В 9 классе я полюбила историю. История — это то, что я люблю». Страсть к истории привела её в Педагогический институт города Уральска, который стал для неё не только образовательным стартом, но и связующим звеном с Казахстаном, родиной её отца.

Начав свой путь в Университете имени Махамбета Утемисова 1 ноября 1976 года, Агила Мустахимовна постепенно заняла своё место среди ведущих преподавателей. Будучи студенткой, она начала заниматься наукой. На первом курсе она записалась в научный кружок, где училась правильно писать доклады и статьи. Именно в этот момент, по её собственным словам, её привели в науку, и за это она всегда будет благодарна преподавателям и наставникам того времени. Её путь в науку продолжился в Алматы, где она училась в Алматинском университете и познакомилась со своим супругом. После окончания учебы пара вернулась в Уральск, и, как она шутит, «ненадолго» — что, как оказалось, длится по сей день.

С 1994 года Агила Мустахимовна работает преподавателем в Университете имени Махамбета Утемисова, где она посвятила почти 50 лет своей жизни. На протяжении своей карьеры она опубликовала множество научных работ, статьи и монографии, что стало основой её успеха.

В своей речи на встрече Нурғалиева отметила важность целеустремленности и преданности своему делу. Она подчеркнула, что для достижения успеха в науке и преподавании важен не только возраст или социальный статус, но и способность ставить цели и работать над их достижением. «Если человек целеустремлён, то он может достичь многого», — говорит она, обращаясь к будущим коллегам и студентам.

Лучший преподаватель 2024 года - Нурғалиева Агила Мустахимовна



Особое внимание Агила Мустахимовна уделила современным критериям оценки преподавателей, которые изменились с недавних пор. «Сегодня основной упор в конкурсах на звание «Лучший преподаватель» делается на научную работу и повышение квалификации, в частности, публикации в высокорейтинговых журналах», — объяснила она. Знания иностранных языков, международные публикации и участие в зарубежных курсах также играют ключевую роль в определении лучших преподавателей.

В своей речи Нурғалиева также рассказала о своём опыте и о том, как она начинала свою карьеру в науке, а также дала несколько советов молодым преподавателям,

особенно тем, кто стремится к публикациям в высокорейтинговых научных изданиях. Она подчеркнула важность настойчивости и усердия, а также необходимость не останавливаться на достигнутом.

Нурғалиева Агила Мустахимовна — яркий пример того, как можно добиться успеха в науке и преподавании, несмотря на трудности и изменения, которые происходят в системе образования. Её пример вдохновляет всех, кто стремится к высоким достижениям в своей профессии.

Аурела МУХАНБЕККАЛИ,
Фил-42

«ӘКЕ» КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

10-ақпан күні «Мұрагер» студенттік театрының кезекті премьерасы өтті. Аталмыш пьесаны С.Р.Рашидова сахналады.

Флориан Зеллердің «Әке» атты пьесасы Альцгеймер, деменция диагнозын көрерменге сырқаттың көзімен көрсететін шығарма. Флориан Зеллердің «Әке» пьесасы — отбасылық драманы сипаттайтын психологиялық туынды. Пьесада басты кейіпкері, қарт әрі рухани қиналған Андре есімді адамның өмірін баяндайды. Ол өзінің еске алу қабілетін жоғалта бастағандықтан, күнделікті өмірі мен айналасындағы адамдарды түсінуде қиындықтарға

тап болады. Андре мен оның қызы Анна арасындағы қатынас арқылы әкенің баласына деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы, сондай-ақ қартайған кезде отбасы мүшелерімен арақатынасы сынға алынады.

Пьесада естелік, сананың өзгеруі, адамның өткен мен қазіргі жағдайы арасындағы шатасулар маңызды орын алады. «Әке» — психологиялық күрделі сюжетке ие, жастық шақтың өтуі, қарттықтың ауыртпалықтары, сондай-ақ отбасы мүшелерінің өзара түсініспеушіліктері мен жан жаралары туралы терең ойланып жазылған шығарма. Қазіргі қоғамдағы ата-анаға деген немқұрайлық, Аннаның жеке өмірін армандауы, күйеу баласының араға от салуы секілді мәселелер көтеріледі. Ешкім Андре тісінбейді, әрдайым оның ауруы үшін барлығы жегідей жейді, ол тіпті өзін-өзі түсінбейді. Осыған дейінгі болған жайттар жадында күн сайын шатастырылып сақталған. Соңында сахнада болып жатқан жағдайлар жәй ғана оның жадының ауытқуы екені анықталып, ол психиатриялық ауруханада екені анықталады. Андре тісін деменциясы әр сахна бойынша күшейе бастайды, соңында тіпті қарт өзінің анасын тірі деп кішкентай бала кейпінде қалады. Пьесаны көрермен жылы қабылдады. Психологиялық терең сюжетке ие шығармада қазіргі қазақ қоғамында болып жатқан кей мәселелер режиссердің шеберлігі арқылы ашық көрсетілген. Пьесаны тамашалауға келген әр көрермен ішіндегі мәселелерімен жеке қалып, оның түйінін тауып, шешуге бекінгендей, жігерленіп қайтқандай әсер қалдырды.



Аружан АМАНЖОЛОВА,
ҚДР- 11 студенті

Халықаралық Байқау - «Үздік студент - 2024»

Мәдениет және өнер факультетінің «мәдениетінің жұмысы» БББ 3 курс студенті Аубекер Дария Асылбекқызы «NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH (NACSIR)» ұйымының ұйымдастыруымен өткен байқауда «Үздік студент - 2024» атағын иеленді.



Халықаралық байқау жоғары оқу орындары арасында өткен болатын. Ал ғылыми жетекшісі режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы БББ аға оқытушы, магистр Жұмағалиева Гүлжазира Ермекқызы алғыс хатқа иеленді. Мәдениет және өнер факультетінің деканы және барша профессор-оқытушылар құрамы атынан шын жүректен қуаныштымыз!

Аида ҚАЙЫРЖАНОВА,
МТЖ 3-курс студенті

ҰЛАҒАТТЫ, ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

Нұрболат Қабылұлы 1958 жылы көктемнің алғашқы күндерінде Тайыр ақын (Жароков). Көрдін бе Орал қырларын, Даласы қандай жап-жазық. Бір жағында құм Нарын бір жағында Ақ Жайық – деп жырлаған Нарын құм мен асау Ақ Жайықтың ортасында Қараөзен мен Сарыөзенді тел еміп жатқан Казталов ауданының Бостандық ауылында қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келген. Әкесі Иманғалиев Қабыл ағаштан түйін түйген ұста болған адам. Жазда ауылға қажетті арба, қыста шана сияқты құралдарды жасап жөндеумен айналысқан шебер, анасы-Сүлейменова Мәриям сол кезеңдегі қазақ әйелдеріне тән үй шаруасымен айналысып, балаларының тәрбиесіне қараған отанасы.

Адамның ғұмырында өз жолын, өз орнын айқындайтын болашақ бағыт-бағдарын белгілеуге септігі тиер, тіпті кейде оның бұған дейінгі өмір ағысын басқа бір арнаға күрт бұрып жіберетін тосын бір оқиғаның, әлдеқандай жағдайдың болып жататыны аян. Осындай жағдай- Нұрболатты 1965 жылы Бостандық орта мектебінде туған нағашысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі, ардагер ұстаз Сүлейменов Нәсекен атасының жетектеп апаруы еді. Кейін ұстаздық мамандықты таңдауы да осы нағашы атасының осындай ақ батасы. 1975 жылы орта мектепті бітіре салысымен ол еңбекке бірден араласып, әкесіне көмекші бола жүріп, бүгінгі өмірбаянының алғашқы баспалдағын атады. Сол бір кездерде ер балалардың отан алдындағы борышын өтеу үшін әскерге бару парыз болатын. Осындай бойында жастық жігердің сыртқа лықсып теуіп, лапылдаған қуатты кезі, үйренсем-ау, тезірек меңгерсем-ау деген ыстық құштарлығымен қоса, бойындағы қайсарлық пен намыс оты Нұрболатты оқудан бұрын әскери борышын өтеуге итермеледі. Ол Отан алдындағы борышын 1976-1978 жылдары Чехословакия жеріндегі Рожнява қаласында, зеңбірек батареясында өтеді. Мұнда да ол алғырлығымен, өжеттілігімен көрініп, әскери жаттығулар мен саяси оқулардың үздігі болды. Мінсіз атқарған әскери қызметі үшін екі рет демалыс алып елге келіп кетті.

Әскерден келе салысымен білімге деген құштарлық оны 1978 жылы А.С.Пушкин атындағы “Құрмет белгісі” орденді Орал педагогикалық институтқа алып келді. Осы институттың дене шынықтыру факультетіне оқуға түседі. Осы білім ордасында А.М.Войлоков, Н.И.Пересветов, Қ.И.Исмағұлов сияқты білікті ұстаз-ғалымдардан тәлім-тәрбие алып, 1981 жылы самбо күресінен КСРО “Спорт шеберлігіне кандидат” дәрежесін қорғап шықты. 1982 жылы институтты ойдағыдай аяқтап, өзінің туған жері Бостандық орта мектебінде ұстаздық жолын бастады.

Өз пайымымызға салсақ, сол кезеңдерде ұстаздың көңілі - шәкіртте, шәкірттің көңілі ұстазда болған сияқты. Алдына білім, ұлағат іздеп келген шәкіртке ұстаз да жанынан жарық шашыратып, көзі мөлдіреп, өңі үлбіреп келген өңкей жас ұланға күндей нұрлана қарап, берер ілімі мен білімін, үйретер тәлімі мен тәрбиесін тереңнен тербеп ұсынатын сияқты еді. Нұрболат ұстаз да әр шәкіртіне осылай қарап, олардың дені сау, салауатты өмір салтын ұстанып, шыныққан, шымыр болғандарын қалап, бар ғұмырын осы арнаға бұрды. Алғашында “дене шынықтыру пәнінің” мұғалімі, одан кейін қосымша “алғашқы әскери дайындық” пәнінің мұғалімі бола жүріп, біліктілігін ұштай түсті. Алымды алғыр жас ұстаз шәкірт тәрбиелеуде бар ынта-жігерімен еңбектенді. Әр адам жүрегі қалаған іспен шұғылданғанда ғана жоғары нәтижеге қол жеткізеді ғой. Жүрек қалауымен спортты сүйген жас маман жасөспірімдерді спортқа баули білді. Түрлі спорттық үйірмелер ашып, ауылдың қара домалақ балалары да спортта жоғары нәтижелерге жете алатындықтарын дәлелдеуге тырысты.

Нұрболат ұстаздың тағы бір ерекшелігі еңбектен қол үзбеуінде еді. Ол жаз айларындағы демалым кезеңінде кеңшарда жазғы шап шабу, егін ору науқандарында

«Елу жылда ел жаңа» - дейді халық нақылы. Елу жылда тұтас ел жаңаратын болса, жеке адамның ойы бойында өзгермей қала беретін ешнәрсе болмауға тиіс. Жаңару, жаңғыру барда ескіру де болатыны анық. Осындай елу жыл бұрынғы елден бүгінгі елдің тұлғасы да тұрпаты да жаңа, қызығы мен қуанышында да жаңғыру бар. Алайда осыдан елу жыл бұрынғы заманның да, ол заманның адамының асылы, қай дәуір биігінен қарағанда да жанар жасқайтын жарқылы болғанын көрмеуге, білмеуге болмайды. Бүгінгі заманның жаңа ағымын, бүгінгі адамның жаңа танымын көре, біле тұрғанның өзінде осыдан жарты ғасыр бұрынғы адамның адамгершілік келбетіне, бүтін бітіміне сүйенбей қарау қиын. Иә, биыл мектеп бітіргенімізге тура елу жыл толатын менің замандасым Иманғалиев Нұрболат Қабылұлы үшін де ол кезең білім мен ғылым, ұстаздық өнер тарихындағы бір сәулетті шақ секілді болып көрінді.



механизатор, комбайншы болып еңбек етті. Үзбей он жыл бойы комбайншы болып, ауылшаруашылығының дамуына, ел экономикасының өрлеуіне бір кісідей ат салысты. Екі-үш рет “үздік комбайншы” атағын жеңіп алды. Бұл да Нәкеңнің еңбекқорлығының бір саласы.

Осындай еңбексүйгіштік, талапшылдық, адамгершілік сияқты адамдық, азаматтық қасиеттері аз жылдың ішінде Нұрболатты өрге қарай өрлете береді. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, комсомол ұйымының хатшысы, кәсіподақ ұйымының төрағасы, тәрбие ісінің ұйымдастыратушысы, мектеп директорының орынбасары сияқты қилы-қилы қызметтерді де абыроймен атқарды. Бас аяғы бес жылдың ішінде іскерлігімен көзге түскен жас маман 1987 жылы Казталов аудандық білім бөліміне, дене тәрбиесі және алғашқы әскери дайындық пәндері бойынша әдіскер-инспектор қызметіне жоғарылатылды. Бұл енді мектеп мұғалімдеріне әдіскер-тәлімгерлік көрсетіп, аудандық спорттың дамуына да өз үлесін қосты.

1988 жылы Нұрболат ұстаз аудандық білім бөлімімен әскери комиссариаттың жолдауымен алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің білімін жетілдіру үшін Тәжікстанда ұйымдастырылған 90 күндік курсқа оқуға жіберіледі. Осы тұста Нәкеңнің өміріндегі ең бір ұмытылмайтын елеулі оқиға болады. Ол бұл туралы былай деп еске алады: - Бізді Душанбеге аяқ астынан жіберді. Шын мәнінде, біз сол кезде қайда бара жатқанымызды білмедік. «Оқу-жаттығуға барасыңдар» деп ұшаққа отырғызды. Содан бір кезде таулы аймақтардың біріне қонып, бізді әскери лагерьге орналастырды. Көз үйретіп, жан-жағымызға қарасақ, жанымыздағы жауынгерлердің барлығы мұздай қаруланған. Сонда ғана біз Ауғанстанға барлауға келгенімізді ұқтық. Жауынгерлермен бірге жаттығу жасап, ұрыс кезінде солардың қасында болдық. Ауылдағылар біздің қайда кеткенімізді де білмеді...» Сөйтіп Нәкең нағашы атасы сияқты кішігірім соғыста да болып қайтқан барлаушы ұстаз. Үш ай ішінде тәлімгер ұстаздан барлаушы ұстаз болып шыға келді. Әрине ол туралы сол кездерде айтылмайтын еді ғой. Сан мыңдаған жас сарбаздардың өмірін қиған бұл соғыс туралы еске алғанда еріксіз көңіл мұңаяды.

Осындай сындарлы сәттерде қиналмай өткен Нұрболат ұстаз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қиындық кезеңдерде басшылық қызметке келді. 1996 жылы Казталов ауданы Тереңкөл орта мектебіне директор болып тағайындалды. Бұл жылдары еліміздің экономикалық жағдайы нашарлау, жас

мемлекетіміздің тәй-тәй басқан кезеңі еді ғой. Мектептердің жыбылып, еңбекақыны дер кезінде ала-алмай, мұғалімдердің де біразы күнкөріс қамымен қалаларға бар-бар жағалап кеткен кезі. Мектепте отын, көмір жоқтың қасы. Оны аудан, облыс орталығынан алып келуге қатынас қиын. Тіпті ауыз судың өзі 30 шақырым жерден тасымалданады. Осындай жағдайда үш қабатты мектепті жапқызбай қалудың өзі оңай шаруа емес еді. Осындай ауыр кезеңде қызмет атқарған қырыққа да толмаған мектеп директоры мойымады. Қайта жігерлене еңбек етіп, аз жылдың ішінде «ҚазТрансГаз» кәсіпорнымен келісе отырып, мектепке газ кіргізді. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтып, жаңаша жабдықтады. Мектептің жүрегі саналатын мұғалімдерін хал-ахуалын жақсартуға да зор үлес қосты. Сол сияқты жаңа мемлекеттің жаңаша ұрпағын тәрбиелеуге де бар күш-жігерін жұмсады. Үлгерімі өте жоғары оқушыларды ата-аналарымен келісе отырып, Ғұмар Қараш атындағы Қараоба мектеп-гимназиясына, Орал қаласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы N 11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешеніне жіберіп отырған. Бұл да ұстаздың шәкірттеріне деген әкелік қамқорлығы әрі болашақты болжайтын көрегендігі деп білген жөн.

Мұндай игілікті істерді кейін 2011-12 жылдары Бостандық орта мектебінде директор болып қызмет атқарғанда жалғастырды. Сол кездегі Нәкеңнің мына бір азаматтық ісін айтпасқа болмайды. 2012 жылы қыс қатты болып, жерді қалың қар басып, аудан орталығына қатынас болмай қалған. Тіпті 9 км. трассаға жету мұң болған шақта ұстаз қасына бір алғыр жоғары сынып оқушысын алып шаңғымен күре жолға шығып, аудан орталығына барып, кешіктірілген мұғалімдер жалақысын, мектепке азық-түлік алып келген. Не деген тәуекелшілдік, тапқырлық. Жолда ит-құс болады-ау деген ой да кіріп шықпаған. Әрине мұның бәрі де халық игілігі үшін жасалған жақсылықтар ғой. Осы сапардан кейін денсаулығы сыр беріп, қалаға келіп емделуге тура келді.

Қалаға келген соң да ұстаздық жолын жалғастырып, әуелі Жаһанша Досмұхамедов атындағы педколледжде, кейін 2015 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін (2021 жыл) Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде дене тәрбиесі кафедрасында дене тәрбиесі пәні бойынша оқытушы болып қызмет атқарды. Өзінің туған жеріндегі мектептерден де мүлде қол үзіп кеткен жоқ. Жылда кәсіптік бағдар беру бағдарламасы бойынша Казталов, Жәнібек, Бөкей Орда, Жаңақала Ақжайық аудандарының мектептеріне



іс-сапармен барып кездесулер өткізіп, оқу-кеңестерін жүргізді. Ақыл-кеңестер беріп, оқушылардың болашақ өз мамандықтарын қателеспей табуына көмектесіп отырды.

Нұрболат Қабылұлы осы қырық жылдық ұстаздық ғұмырында сан алуан шәкірт тәрбиелеп шығарды. Кейбірін атап өтер болсақ Базартаев Тілек, Қабощева Назира қазір М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың магистр оқытушылары Асхат Хайруллин Англияда «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқып келіп «ҚПО б.в.» компаниясында еңбек етуде, Жылқыбаев Дархан Т.Бигелдинов атындағы ұшқыштар институтын бітірді. Асхат Бақтыбаев, Руслан Кенжеғалиев Президент жанындағы арнаулы жасақ сарбаздары, сол аяқты ҰҚК ішкі істер бөлімінде С.Садыбеков, А.Дүйсақов, Ө.Ғазизов, Қ.Меңдіғалиевтер еңбек етуде. Сонымен қатар 2016ж. еркін күрестен Рио де Жанейро олимпиадасында қола жүлде иеленген Е.Ларионова да бар шәкірттері қатарында. Бұл ұстаздың еңбектерінің зая кетпегендігі. «Бүгінгі күннің батыры» атына лайықтылығын дәлелдейтін Нәкеңнің тағы бір азаматтық ерлігін айта кету керек сияқты. 2008 жылы ол Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылына досының үйіне қонаққа барған сапарында суға батып бара жатырған екі бірдей қыз баланы ажалдан құтқарып келген. Сөйтіп спортшы ұстаз екі бұлдіршінге жарық өмір сыйлады. Қазір сол қыздар бүгінде студент атанып, жарқын өмір сүріп жатыр. Әр кезде де жаныңда осындай елгезек жақсы адамдардың жүргені ғажап емес пе?!

Нұрболат Қабылұлының отбасы - ұстаздар отбасы. Жары Риза тәрбиеші, қазір зейнеткер. Ұлы Азамат электронды компьютерлік электр жүйесінің инженері, Атырау қаласындағы Америкалық «Тенгиз Шейроил» компаниясында қызмет істейді. Қызы Ләззат Ақсай қаласында №4 мектепте Информатика және ағылшын пәнінің оқытушысы. Екінші қызы Гүлшат Казталов ауданы Өбіш негізгі орта мектебінде математика және информатика пәнінің мұғалімі, оқу ісі меңгерушісі, үшінші қызы Кәмшат Орал қаласындағы №18 «Балдырған» бөбекжайының педагог-психологы. Келіні Айнұр да қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Көріп отырғандарыңыздай ұл-қыздарының бәрі де ата-ана жолын қуған солардың істерін жалғастырып келе жатқан ұстаздар әулеті.

Міне, Нұрболат Қабылұлының елу жылда жүріп өткен ұлағатты өнегелі жол-осындай ғибратқа толы жол. Оның ендігі арман-мақсаты - осы ұл-қыздардан өсіп өнген немере, жиендерін оқытып-тоқытып, тәлім-тәрбие беру. Ұстаз қашан да ұстаз! Тек ғұмыры ұзақ болғай!

Сөзімізді Абай атамыздың мына бір өлең жолдарымен түйіндесек:

«Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», - дейді ұлы Абай

Иә, ол-Нұрболат Қабылұлы осындай ақырын жүріп, анық басқан, ешқашан істеген ісін бұлдап, көкірегін кермеген қарапайым еңбекторысы. Абай атамыз айтпақшы «жаздым үлгі жастарға бермек үшін» деп, біздің де осыны жазудағы мақсат - кейінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болсын деген мақсат.

Ж.Ж. ШАЙКЕНОВ,
М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті,
филология ғылымының кандидаты

«Нашақорлық – қоғам дерті»

Жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Мәдениет және өнер» факультетінің студенттері облыстық психо-наркологиалық диспансерінің психиатр-наркологи Сатанов Нұрлан Фатихоллоұлымен кездескен болатын. Кездесудің басты тақырыбы – «Нашақорлық – қоғам дерті».



Кездесу барысында маман жастарға нашақорлықтың алдын алу, оның зияны мен салдары туралы жан-жақты ақпарат берді. Сондай-ақ есірткіге тәуелділіктің адам денсаулығына, психологиясына және қоғамға тигізген зияны жайында өзекті мәселелер талқыланды. Студенттер

өз сұрақтарын қойып, тақырып төңірегінде пікір алмасты. Мұндай кездесулер жастардың салауатты өмір салтын ұстануына, зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал етеді. Нашақорлық – тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның мәселесі. Онымен күресу – баршамыздың ортақ міндетіміз!

Сұраныс пен ұсыныс икемділігі

Жуырда тарих, экономика және құқық факультетінде «жоғары мектепте инновациялық білім беру технологияларын қолдану тәжірибесі» тақырыбында айлық өтті. Әдістемелік айлықтың шеңберінде «бизнес, басқару және туризм» БББ аға оқытушысы З. Янтурсіна «микрoэкономика» пәні бойынша «Сұраныс пен ұсыныс икемділігі» тақырыбына ЭИМ-11 1-курс студенттерінің қатысуымен ашық сабақ өткізді.



Ашық сабаққа әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімінің әдіскері Лаура Ермекбаева, факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары С. Утешова және БББ оқытушылары қатысты. Оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін қолдана отырып, презентациялау арқылы тақырыпта қамтылған формулалар мен графиктер тыңдаушылардың материалды жетік ұғынуына мүмкіндік берді. Дәріс соңында сабақты бекіту

мақсатында «WORDWALL» платформасын пайдаланып, студенттерге тест тапсырмасын орындатты. Студенттер бұл платформаға QR-код арқылы кіріп, тест сұрақтарына жауап берді. Бұл әдіс студенттердің шапшаңдығын әрі дұрыс жауап берулерін есепке алады. Оқытушы осы әдісті пайдалану арқылы дәріс сабағын бағалауға мүмкіндік алды.

«Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»

Университет көлемінде «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы» тақырыбы аясындағы айлық жоба 2025 жылдың 11 ақпанында тарих, экономика және құқық факультетінде жалғасты.

Алғашқы іс-шара бизнес, басқару және туризм білім беру бағдарламасының ұйымдастыруымен «Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында танымдық-шебер сағаты өткізілді.

Студенттерге ер жігіттің қалай болу керектігі, ел – жұрт, үлкен кіші, кәрі-жас алдында өзін қалай ұстап, қалай қамқорлық жасау, отбасына үлгі-өнеге болу, қалай азаматтық таныту секілді істерге бағыт-бағдар беру және өз тәжірибесімен, қызметімен бөлісу мақсатында арнайы қонақтар шақырылды.

М.Өтемісов атындағы БҚУ доценті, облыстық Саяси кеңесінің бюросының мүшесі Жақсығалиев Жаңабек Жаңабайұлы ер баланы тәрбиелеудегі қазақ халқына тән ерекшелік пен қазір де құндылығын жоғалтпаған қасиеттер туралы терең мағыналы әңгімесін айтты.

«Nur-Eg Орал» (жылқы кәсібі) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Джумашев Айдос Бейбітұлы жылқы кәсібін ашуға деген қызығушылығын айтып, қазіргі ат-спорт туристік орталығының қызметімен бөлісті. Студенттерге атқа міну мен қоса, садақ ату шеберлігін шыңдауға болатынын айтты.

Назарбаев зияткерлік мектебінің өнер пәні мұғалімі (қамшы өру технологиясы) үйірме жетекшісі Жумағалиев Арман Мендіғалиұлы студенттерге

қамшы тарихы мен оны өрудің технологиясын түсіндіре отырып, шеберлік сағатын өткізді.

«Оқушылар сарайы» МКҚК, «IT» орталық бөлім басшысы, БҚО бойынша алғашқы робототехника үйірмесінің жетекшісі Қырықбаев Нұрбол Мұсаұлы студенттерге ұлттық құндылықты заманауи біліммен ұштастыру арқылы әлемге робототехниканы таныстырып, шәкірт тәрбиелеп, сол шәкірттерінің жетістіктерімен таныстырды. Шәкірттерінің бірі – «БҚО 2023 жылдың үздік оқушысы» номинациясы иегері Курманғалиев Алиислам.

Шәкірттері Халықаралық робототехника және инновациялық жобалар олимпиадасының абсолюттік чемпиондары, Орталық Азия чемпионатынан Гран При иегерлері, 2024 жылы АҚШ-тың Бостон қаласында өткен робототехникадан чемпионатта үздік ондыққа енді.

«Ұл тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында өткен іс-шара студенттерге ерекше әсер қалдырды. Студенттер тек сұқбаттасумен ғана шектелмей, шеберлік сағаттарға қатысып, қамшы өру, пышақ қайрау, шеге қағу секілді ер балаларға тән ептілік пен мергендік, ұқыптылық қасиеттерін шыңдады.

«НЕТ НАРКОТИКАМ!»

В группе ЮР-22 был проведён кураторский час на тему: «Нет наркотикам!», организованный преподавателем ОП «Юриспруденция» Казиевым Т.И. В ходе встречи Тайман Исмагулович рассказал о вреде синтетических и иных наркотиков, представляющих одну из самых серьёзных угроз для Казахстана.



В своём докладе Казиев Т.И. акцентировал внимание на разрушительных последствиях употребления наркотиков, не только для здоровья, но и для общества в целом. Он подчеркнул, что наркозависимость ведёт к резкому росту преступности, а число преступлений, совершённых наркоманами, в последние годы значительно увеличилось. Особенно тревожной тенденцией является рост количества малолетних наркокурьеров. Через социальные сети подросткам и молодёжи предлагают «высокооплачиваемую» работу, не требующую опыта и специальных навыков. Однако многие не осознают всех последствий: за сбыт наркотиков в Казахстане предусмотрено наказание в виде лишения свободы сроком от 10 до 20 лет. В результате этого казахстанские тюрьмы стремительно заполняются осуждёнными за деятельность так называемых «закладчиков».

Для наглядного ознакомления с проблемой студенты просмотрели документальный фильм «Закладка», доступный в социальных сетях. Фильм вызвал бурное обсуждение среди студентов. Они активно высказывали своё мнение, делились эмоциями и выразили критически негативное отношение к информации, представленной в картине.

Проведение таких встреч особенно важно для молодёжи, ведь осведомлённость о последствиях употребления и распространения наркотиков помогает формировать осознанное отношение к этой проблеме. Кураторский час стал важной профилактической мерой в борьбе с наркозависимостью среди молодёжи, напомнив студентам о необходимости делать осознанный выбор и беречь своё будущее.



ҰСТАЗДЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

Музыкалық білім мамандығының негізін салушы п.ғ.к., доценті М.М. Нағымова еске алу кеші өтті.



Еске алу кешінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин белгісінің, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері Мұштанова Дариға Ғазезқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Даришева Түймеш Малбағарқызы, музыкалық білім мамандығының тұрақты демеушісі Қойшекенов Аманжол Төлеуғалиұлы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Медешова Айгүл Бақтығалиқызы және туған-туыс бауырлары, шәкірттері, әріптестері қатысты. Кеш барысында ұстазымыздың төл шәкірттері халықаралық конкурстардың лауреаттары мәдениет және өнер факультетінің Үлкен хор ұжымы (дирижері Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы Л.Қ.Өмірзақова), Гульмира Утегенова, «Батысstar» триосы және «Ерен еңбегі» үшін медалінің иегері Дастан Есентеміров өнер көрсетті. Кеш соңында ұстазымыздың досы, әрі ауылдасы «Жадыра» шаруа қожалығының басшысы, кәсіпкер А.Т. Қойшекеновтің демеушілігімен музыкалық білім мамандығының студенттері 4 курс студенті Маратов Ерасыл, 3 курс студенті Генджибаев Амангелді, 2 курс студенті Роллан Ардақ, 2 курс студенті Бисембай Аружан, 1 курс студенті Утеғалиев Бақтиярға бір реттік шәкіртақы тағайындалды.

Ардақты ұстаздың есімі осылайша ұлықталып, асыл бейнесі естеліктерде жаңғырды. Тәлімі мен тәрбиесі шәкірт бойында өмір бойы азық болары сөзсіз. Саф өнер – музыканың ғажайып әуенін шәкірт жүрегінің қағысымен бірге соқтыра білген ұстазымыздың жарқын бейнесі ешқашан көңілдерден өшпек емес.

Аружан АМАНЖОЛОВА,
ҚДР-11 студенті

Физика-математика факультеті екінші семестрін басқа оқу орындарынан ауысып келген студенттерді салтанатты түрде қарсы алумен бастады. Факультеттің өзін-өзі басқару ұжымы жаңа студенттерге арнап арнайы «Welcome to the Elite» атты іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – жаңа студенттерді факультеттің академиялық және әлеуметтік өмірімен таныстыру, олардың бейімделу процесін жеңілдету және өзара байланыс орнатуға жағдай жасау болды.

Құшақ жая қарсы алды!

Кешке факультет деканы Абулкасова Дина Бақытжанқызы, деканның орынбасарлары Искалиева Айжан Урынғалиқызы мен Иксебаева Жанна Сағынтайқызы қатысты. Декан өз сөзінде жаңа студенттерді құттықтап, оларға жаңа оқу орнында табыс тіледі. Ресми бөлімнен кейін студенттер мен оқытушылар арасында бейресми қарым-қатынас орнатуға арналған ойындар ұйымдастырылды. Кештің

барысы би мен әнге сондай-ақ қызықты ойындарға толы болды. Жаңадан келген студенттер ұйымдастырылған іс-шараға ризашылықтарын білдірді. Олардың айтуынша, бұл іс-шара оларға жаңа ортаға тез бейімделуге және өзін сенімді сезінуге көмектеседі. Физика-математика факультеті жаңадан келген студенттерді әрдайым қолдауға және олардың жетістіктеріне жағдай жасауға дайын. Біз барлық студенттерге сәттілік тілейміз!

ЖАҢА ОРТАМЕН ТАНЫСТЫ

3 ақпан күні «Мәдениет және өнер» факультетінің ұйымдастыруымен «академиялық ұтқырлық» бағдарламасы бойынша және басқа университеттен ауысып келген 1-курс студенттерін студенттік қатарға қабылдау кеші өткізілді.



«Өмір – өнер», «Жаңа ортада жаңа нотамен» деген тақырыпта өткізілген шоу-бағдарлама мәдениет және өнер факультетінің деканы Кажимова Қарлығаш Рахымқызының сөзімен басталды. Аталмыш факультеттің деканы өз сөзінде жаңадан келген студенттерге оқуда сәттілік тілеп, факультет ұжымымен таныстырды. Шоу-бағдарламаға белсене қатысқан 1-курс студенттеріне мәдениет және өнер факультетінің эмблемасы бейнеленген атаулы жейделер сыйға тартылды. Концерттік бағдарлама әрі қарай әсем ән-күймен, ойындармен жалғасын тапты.

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ,
ҚДР-11 студенті

Орталықтың жұмысымен танысты

М.Өтемісов атындағы БҚУ жаратылыстану-география факультетінің Экология білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығының экологиялық туризм бөлімінің жұмысымен танысты.



Бұл тәжірибе студенттер үшін экологиялық туризмнің негіздерін тереңірек түсініп, алған теориялық білімдерін практикалық түрде қолдануға мүмкіндік берді. Экология мен туризмді үйлестіре отырып, табиғатты қорғау мен жергілікті қоғамды дамытуға бағытталған жобаларда өз білімдері мен дағдыларын іске асыруда үлкен қадам! Бұл сапар болашақ мамандарға экологиялық туризмді дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілікті арттыру және жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Айым СЕРІК,
ЭКО-11 студенті

3 ақпанда Батыс Қазақстан университетінің, «Құқықтану» бағдарламасының ЮР-31, 33, ПД-33 топтарының студенттеріне Орал қалалық ПБ Патрульдік полиция батальоны командирінің орынбасары, полиция капитаны Сабит Калиоллиев «Ашық есік» күнін ұйымдастырды.

ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Кезекті кездесу барысында С. Калиоллиев студенттерді болашақта полицияға қызметке шақыру, орналасу бойынша кеңес берді. Полиция қызметіне орналасу талаптары мен іс-қимыл алгоритмдері, ішкі істер органдарында қызмет атқару артықшылықтарын түсіндірді. ППБ-ның базасымен және тәртіп сақшыларының жұмысымен, кезекші бөлім, қызметтік көліктерге отырып, сұрақтарға жауап алды. Бөлімдердегі дабылды қабылдау ретімен таныстырып, әсерлі кездесу өткізді.



Магистратураға оқуға түскелі бері бұл кітап жайлы көп естідім. Атына да, затына да қызығып қолға алдым. Жазушы Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романының көлемі салмақты болмаса да, айтары салмақты. «Ә» дегеннен-ақ оқиғалы жатқан кітабымның сонылығын байқаған едім.

Үш бөлімнен тұратын романның әр бөлімі қысқа-қысқа тақырыптарға бөлінген. Тақырыбы да, идеясы да сан салалы. Бір емес, бірнеше идеяны сөз еткендіктен, тақырып аясы да түрлі. Мазмұндық жағынан жаңашылдықтарының бірі осы. Көзіміз, көңіліміз үйренгендей, шығармада тек бір ой, бір бағыт суреттелмеген. Дәстүрлі романдағыдай жіреншікті бір адамның басындағы тағдыр сөз болмаған. Басты кейіпкердің дүниенің жаратылысы туралы түсінен бастау алған романның бір бөлімінде діни аңыз-әпсаналар сөз болса, ендігі бір бөлімінде Әлішер бейнесімен берілген қоғам мәселесі, жазушы өмірі, әлеуметтік мәселелер суреттеледі. Әдебиет мәселелеріне қарасты пікірін сұқбат, сюжеттер арқылы сан қырынан айқын жеткізе білген. Шығармада екі желі бар – Әлішерге қатысты бүгінгі күн оқиғалары мен ықпалы замандардағы түркілердің көне тарихын қозғайтын өткен күн оқиғалары кезектесе дамиды. Тәңірін іздеп жүрген Әлішердің бүкіл ойы – қалай болғанда да өзгеше өлшемді «Тәңірі кітабын» жазып бітіру еді. Осы жолда оған түрлі кейіпкерлер кездесіп, ойда жоқта пайда болып, тылсым күйде жоғалып жатады. Шығарма мазмұнының танымдық әлеуеті де зор. Сетбебі «Мұса», «Ғайса», «Мұхаммед», «Заратуштра» секілді тарауларында қазақ даласына келген діндердің тарихына шолу жасайды, сарапқа салады. Сондай-ақ «Шежіре» бөлімінде жазудың, кітаптың пайда болуы, алғашқы кітаптар жайында жазады. Көз көріп, құлақ естімеген неше түрлі гүлдердің аттары да жазылады. Сондықтан романның интеллектуалдылық қабаты да қалың. «Ой» бөлімінде ойға жан бітіріп, Әлішер екеуін тілдестіреді. «— Адам ойдан құтылған ба, өзіңіз шақырып аласыз. — Маған ештеңе керек емес. — Сізге Құдай керек, бірақ жаңа күмән білдірдіңіз, күнәға батқан көне бейнесінде кінәлі боп келген сайтан мен едім» деген екеуара дискурс арқылы ойдың адамға қалай әсер ететінін, адамның ойы өлтіруге дейін апаратынын көрсетеді.

Ал атының өзі назар аудартаатын «Ештеңе» бөлімінде әдебиет жайы тілек тиек етіледі. Әдебиеттің қоғамдағы маңызы жайлы журналшы қыз Жәмиләмен сұқбаттасады. Бір тұсында автор кейіпкерін: «Тарихи жайттың қайта оралуы әнжі орынсыз ерсі әзіл болса, әдебиеттің қайырымы жаңа машықты туғызады. Мәселе не айтуда емес, қалай айтуда» деп сөйлетеді. Міне, авторлық позиция осы тұста жарқ етіп көрінді. Расымен, әдебиетке мазмұндық, пішіндік жаңалық еніп отырса, ол дами бермек. Әр автор өз стилін, ерекшелігін қоса алуы қажет. Түс көру мотиві (Әлішердің дүниенің жаратылысы жайлы түсі), сана ағымы (оймен диалогы), болашақты болжату (сығандар), абсурд (адамдардың есік қағып, ойда жоқта келуі, Алыпсоқтың ілінген басы), ертегілік кейіпкер (Күн астындағы Күнекей қыз), дін (періштенің әйел кейіпінде келуі) секілді жаңашылдықтарын байқаймыз.

Осы романдағы тағы бір жаңашылдық – жиырма бес жылды жазуы. Беріден тараған қазақ баласының ауыздан-ауызға тараған аңыз романда енгізілген. Жалпы, романда интермәтінділік басым. Аңыздар мен жырлар желісін келтіріп отырады. «Кітап ой ретінде жалғыздықтың аясында дүниеге келетін жұмбақ құбылыс, ал гүлді серік іздеген жаны нәзік адам өсіреді. Гүл сезімді ой тудырады, кітап ойдың сезімін дамытады» деген тұсы кітаптың осылай аталуының сырын ашқандай. Жазушы үшін гүл мен кітап құндылық болып саналады. Автор адам құндылығын шығармада ашық алаңға шығарады. Кітап, гүл, жазушылар, Әлішердің арманы бұлардың барлығының бояуы қанық. Романда автор бұл құндылықтар адам өмірінің мәні екенін ашық түрде көрсетеді. Дін, тарих, әлемнің жаратылуы секілді философиялық тақырыптардан бөлек, саяси-әлеуметтік мәселелер де қаузалған. Мәселен, «Партия» деген бөлімінде Әлішерді партияға шақырғанның біреуі: «Шіркін, қазақтың бәрі неге өліп қалмайды екен, билік пен байлықтың бәрі бізге қалатын еді» дейді. Осы бөлімді партияшылдардың тек атақ пен санда бар, сапада жоқ нәтиже үшін жұмыс істейтінін ашық жеткізеді. Кей партияшылдың «Халықтың игілігі үшін» деген ұрандарының бос сөз екеніне меңзейді. «Жалған уәдесіз саясат мұратына жете ме? – Жетеді» деген тұсы солақай саясаттың бетпердесін ашқандай. «Саясат» деген бөлімінде Әлішерді Орынбай қызметке шақырады. Бірақ басты кейіпкер саясатты сауданың бір түрі деп, жалғандық пен құр уәдеден арыға бармайтынын айтып келіспейді. «Өнердің әрдайым өз айтары бар. Әрине, төл уақытына емес, өзгенің болашағына» деп тұжырымдайды кейіпкер. Шынымен де, өнердің тағы бір қызметі – қоғамдағыны жасырмай, жатсынбай айту керегін алға тартады автор. «Қарлығаш пен Диана»-да жезөкшелер сөз болады. Бұлардың да өмірі белгілі. «Терезе» бөлімінде жалпыадамзаттық құндылықтардың рухани байлықтан гөрі, материалдық байлыққа ден қойғанын өшкерелейді. Терезеден енген ұры кітаптарды алмайды, ақша, бағалы тастар сұрайды. Бұл да қоғамның дәл бүгінгі бейнесін ашуға жасаған батыл қадамдардың бірі деп есептеймін. Әлішердің түс көру арқылы берілген «аспанның салбырап жерге түсіп, шаң-тозаңға айналу» құбылысы шығарманың соңында да қайталанатын. Әуелі бұл көрініс Әлішердің түсінде бейнеленсе, кейін Әлішер ақиқатты іздеу жолында өзіне-өзі қол жұмсап, көз жұмған соң автор тағы да жоғарыдағы азат жолды сол күйінше береді. Кейіннен жазбалар, кітаптың мән-маңызы, тіл дерті сөз болады.

Романда формалық ерекшеліктер көп. Автор эксперименттерге барған. Романның қысқа-қысқа бөлімдерден тұруының өзі біздің әдебиетке енген

жаңашылдық. Табиғатты, адамды суреттеу жоқ. Жалаң сөйлем, атаулы сөйлем, диалогқа құрылған. «Гүлдер» тарауы көлемі жағынан шағын болғанымен, мұнда эссеистикалық, публицистикалық толғамдар, гүлді күтуге байланысты натуралистік ақыл-кеңестер де араласып кеткен. Сонымен қатар «Кітаптар» тарауында автор әлем әдебиетінде танымал жүз шақты кітаптардың тізімін санамалайды. «Қаламгер» тарауында да жазушыларды атап шығады. Бұл қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кездеспеген. Шығарманың екінші бөлімінде түркілердің ежелгі тарихы, олардың пайда болуы туралы жиырма бес жыл кірістірілген. Жалпы, жазушы дәстүрлі стильден бас тартқан. Автор түрік, араб сөздерін жиі қолданған: рисале, мағшуақ, назыми, газал, шәріф, мұқтасиб, мәтәржім және т.б. Оларды аударды, мағынасын ашып отырмайды. Композициялық құрылымы да бірсарынды емес. Бастауы мен шарықтау шегі деп жіктеп, жіліктеп атай алмайсың. Шығармада көп оқиға басталып, көп оқиға аяқталып жатыр. Бірнеше желі бар: дүниенің жаратылуы, діндердің пайда болуы, көк бөріден тараған түркілердің тарихы және тағысын тағы. Бірақ романның эпицентріндегі басты оқиға желісі – Әлішердің Тәңір жайлы кітап жазуы. Хронтоп та айқын емес. Бірі бүгінгі шақ болса, енді бірі түркілер дәуіріне, бірі Қазақ хандығына жетелейді. Бірақ негізгі мекен – Әлішердің пәтері. Көп оқиға осы жерден өрбиді. Монологтан гөрі, диалог көп. Әсіресе, Марфуға, Жәмилә, Ой, Періштемен диалогның көркемдік қуаты мол. Дидар Амантай: «Бертольд Брехтің айтатыны бар: «Тек жаңа форма ғана жаңа мәнді паш ете алады». Ал өнер-мәдениет дегеніміз – жаңа мәндерді, мазмұндарды, құндылықтарды тудыру, қалыптастыру, жасау» деген екен бір сұқбатында. Автор осы ұстанымына берік екенін аталмыш романынан көреміз. Пафостан ада, көпсөзділік, тәрбиешілдік, артық образ жоқ. Автор оқырманға жеткізейін деген құндылығын екшелеп көрседі, соған мән береді. Кейіпкерлердің қайдан келіп, қайда кетіп жатқандарын, не үшін пәтердің есігінің алдында тұратынын, танысып-біліспей сөйлесіп кетуін түсіндіріп жатпайды.

Д. Амантай романын зерттеушілер модернистік және постмодернистік, постструктуралистік эстетикамен ұштастырады. Ғалым Б.Майтанов «Қазіргі қазақ прозасындағы жаңашыл баяндау үрдістері» деген еңбегінде: «Автор баяндау барысын күлт үзіп, кенет күтпеген философиялық пайымдау сарынына түсе салады да, одан тағы оп-оңай



Мен оқыған бір кітап

шығып кетеді, әдеттегі өмір көріністерін үзілмелі кескінде бейнелеуге көшеді. Д.Амантай шығармаларында аллюзия, интертекст, реминисценция және «сана ағымының» автор еркіндігімен сабақтас түрі елеулі философиялық, тұрмыстық, эзотериялық мәселелерді постмодернистік поэтика ауқымында қарастыруда зор стильтүзушілік роль атқарады» деп баға береді. Ә.Бөпежанова «мәдениет құбылысы» деп бағаласа, Г.Бельгер әдеби сында жалпы Д.Амантай шығармашылығына түрлі көзқарастардың қалыптасқанын, тұтастай алғанда, «Гүлдер мен кітаптар» романының «астар мен толғаныс, үзілген сөз, мозаикалық баяндауға, бір-бірімен қиысуы қиын әркім эпизодтарға» құрылғанын айтады.

Қорытындылай келе, әдебиет сүйер қауым мен сыншылар арасында пікірталас туғызған «Гүлдер мен кітаптар» романы маған қазақ әдебиетінің жаңаша қырын, мол мүмкіндікке дайын екен ашты. Шығарма қазақ жайын, тарихын қозғауымен ғана емес, жалпыадамзаттық құндылықтарды арқау етуімен құнды. Бұдан аңыздық сана, түс көру мотиві, абстракция, абсурд, дискурс, сана ағымы, жатсыну, жалғыздық мотивтері секілді талдай берсең көп жаңашылдық табасың. Оқырманын сынамайтын шығарма дегім келеді.

Күймен жазылған роман

Кезекті әңгіме «Талтүсте» былайғы оқырман байқай бермейтін жүрістер жасадым. Кем дегенде романның бес-алты жерінде менің туғылуы идеяларым мен астарлы ойларым бар» деген жазушы Таласбек Әсемқұловтың «Талтүс» романы жайлы өрбімек.

Тақырыбымызға сай ұлттық идеяны осы шығармадан тауып қалармын деген ниет болған. Түйсігім алдамапты. Бастан-аяқ күй күмбірлеген роман қазағым тұрасында екен. Романның тақырыбы – өнердегі бақ пен сор, өнер адамының өмір жолы, Сабыт қарт пен Әжігерей арасындағы ұрпақ жалғастығы. Идеясы – өнерді насихаттайтын, әрі қарай жалғастыратын шәкірт пен іздейтін, қолдап, қорғайтын көптің керектігін жеткізу. Жазушы Жүсіпбек Қорғасбек «Таласбек пен «Талтүс» атты мақаласында: «Ең алдымен айтатын басы ашық нәрсе, «Талтүс» жазылған тұста ұлттық код туралы әңгіменің он екі де бір нұсқасы жоқ болатын. Таласбек бұл романында жеке кейіпкер образынан бұрын ұлт образын жасауға күш салған тәрізді» деп баға береді. Расымен де, шығармада Ұлы Отан соғысынан кейінгі қазақ халқының психологиялық ахуалы, аштық, көмпеске кезіндегі жан түршігерлік оқиғалар баяндалады. Көгесе деген баланың қапыда қиылған тағдыры өксік әкелді.

«Жиырма бес жыл абақтыда жүргенде жынданып кетпегенім осы күй шерткенімнен шығар. Барақта жатқанда ойша шертесің. Қарағай шабуға барғанда ыңқылдап айтасың...қазақтар жаныма үйірілетін болды. Олардың көңілін осы күймен демедім...» деген Сабыт шалдың сөзінен

қатпары терең тарихты, күйге ұйыған қазақтың бейнесін көз алдымызға келтіреді.

Шығармада сүре тартыс, түре тартыс, Мүкәмал шертіс секілді басқа да тартыс түрлері, «Гауһартас», «Көгаршын», «Алмажай», «Арман» секілді көптеген күйдің шығу тарихы сөз болған. Ал күй – біздің ұлттық кодымыз екені белгілі. Тек күй ғана емес, мұнда әншілік, ұсталық өнердің де қыр-сыры баяндалған. Романның танымдық әлеуеті мол.

Әжігерей Кұлбағиладан таяқ жеген кішкентай ғана кезінен бастап өлім мен өмірдің арасы жақын екені, қасірет, қайғы жайлы көп ойланады. Бұны автор баланың ішкі монологу ретінде келтірген. Әжігерей мен Гүлшаттың махаббаты да өз деңгейлерінен биік. Ересектерше сүйіп, ересектерше ажырасады. Осыдан шығармада дәстүрліден бөлек, постмодернистік сарын бар екенін байқауға болады.

Романның өн бойында мақал-мәтелдер, «құдауанда» секілді қазір көбі қолдана бермейтін сөздер баршылық. Сондай-ақ кейіпкерлеріне Сабыт, Шәміл, Иләпі, Сәруәр секілді сирек әрі ерекше есімдерді берген. Үш тараудан кітаптағы оқиғалар бір-бірімен жымдасып жатыр. Уақыт пен кеңістіктің арасында алшақтық байқалмайды. Өнер адамдарының жиынтық бейнелері жинақталған шығарманы бір демде оқып шықтым.

Әжігерейдің күйшілік өнері талтүсте тұр. Дәл қызатын, қызаратын шағы. Күн ауғаннан кейін де оның өнерін іздеушілер, қолдаушылар табылса деген үміт зор.

«Сен сенше көр, мен менше көрейін...»

Осы ұстанымды өзіне ту еткен Тауфиқ есімді бас кейіпкердің тағдыр талқысын суреттеген Тұрысбек Сәукетаевтың «Мен – жыңдымын» романы 2016 жылы «Алтын қалам» конкурсында «Үздік роман» номинациясы бойынша бас жүлде алған еді.

Аты мен затына қызыққан мен шығарманы қолыма алып, трагикомедиялық мұңды әлемге бойладым. Егемендіктің еңсені басқан алғашқы кезеңінде жұмыссыз қалған экономистен «жынды» жазушыға айналған бас кейіпкердің ой азабына түсуі, отбасынан, қоғамнан шеттелуі, әділетсіздіктің әнін әуелеткен қоғамды жатсынуы, шығармашылық жолындағы шырғалаңдары – романның тақырыбы. Жалпы, автор қозғаған мәселе көп: адамның жеке басынан бастап түгел ұлттың рухани әл-ахуалы. Қазық қып алған идеясы – басқаларға жынды көрінетін, бірақ ақыл-есі сау адамды

сөйлету арқылы өмірдегі келеңсіздіктерді көрсету.

Шығармада модернистер арасында кең етек жайған «сана ағымының» элементтері бар. Мәселен, «Геля» деген бөліміндегі оқиғалар, негізінен, кейіпкердің ойында жүреді. Өз ойымен өзі арпалысқан ол күшігімен ойша тілдеседі. «Сен еркімнен жүре аласың, ыза болсаң, ырылдайсың, ішіндегі құсаңды ақтарып үресің. Ал мен ше? Менде сендегі еркіндіктің бірі де жоқ. Аяқ-қолым, тілім... бәрі буулы. Олар маған ештеңе ойлама, көрме, сөйлеме... дейді. Құдай маған көретін көз, ойлайтын ми, сезетін жүрек, сөйлейтін тіл берсе, неге мен жақсыны – жақсы, жаманды жаман деп айтпауым керек? Неге ізгілікке сүйініп, зұлымдыққа күйінбеуім керек?» деп кейіпкер жиі сұрақ қояды.

Ж.Жарылғапов «Сана ағымы поэтикасына сәйкес шығарманың композициялық бітімінде, образдар мінездері мен әрекеттерінде логикадан тыс бұрылыстар, шартты суреттер белең алып отырды», «...ақиқат әлемнен қол үзуге дейін барды» деп пайымдаған болатын. Тауфиқ те бұл өлемнен жырақтап, өз қиялында Лос-Анжелесте өтетін жындылардың дүниежүзілік конкурсына қатысып, «Ерекше ел» номинациясы бойынша Бас жүлде – «Алтын Доңыз» мүсінін жеңіп алады. Бұған кейіпкердің өз ойында, кейде түсінде Қара шалмен сөйлесуін қосыңыз. Итпен тілдесуі де, Махамбеттің қызғыш құсын көруі де оның қиялында болып жатыр. Бұған Ю.Боревтің «Ойлау жүйесіне мидың аналитикалық және синтетикалық қана емес, сонымен бірге жады, елестету және фантазиялау сынды қабілеттері қатысады» деген пікірі тұздық бола алады.

Автор – Тауфиқтің күнделігін көшіруші. Шығарма автордың бұрынғы жолдасының өлімін кешкілік жаңалықтардан естуінен басталып, оның зиратына барумен аяқталады. Осы екі аралықта оқиғалар Тауфиқтің атынан күнделік түрінде баяндалады. Саяси ой-пікір қалың: кейіпкер өз елін сынға алып, әжуалайды. «Ішкішіне дейін патриот орыстар секілді неге болмаймыз?» дегенді алға тартады. Г.Бельгер, Ә.Кекілбаев секілді жазушылардан басқа көптеген ақын-жазушының аты-жөні өзгертілген. «Жындылар фабрикасы», «Күлегеш» қарындар», «Ғажапстанға саяхат» секілді тіркестерден автордың сөзді шебер ойнататынын байқаймыз.

Сондай-ақ Т.Сәукетаев роман арқылы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы шығармашылық адамдарының көрген бейнетін жеткізген. «Қоғамға, әділетсіздікке деген қарсылық жазушының жүрегіне қайнап, қаламының ұшынан у боп тамуы керек. Әлбетте, ондай шығарманың жолы ауыр, жауы көп» деп Ә.Кекілбаевты сөйлетеді. Дәл осы сөзде бас кейіпкердің өмірі түйінделіп-ақ тұр.

Автор бүгінгің өзектілерін түрліше көрсете білген. Өз батпырауығын ұшыра алмай жүрген талай таланттар, талай «өзгелер» бар арамызда деген ой түйдім.

Дәметкен САҒЫНБАЕВА,
МФил-11 магистранты

Қазіргі таңда студенттерге жаңа білім алу мен тәжірибе жинақтаудың тамаша мүмкіндіктерін ұсынатын академиялық ұтқырлық бағдарламасы мен үшін ерекше маңызға ие болды. Осы бағдарламаның аясында 2024 жылдың бірінші оқу жылында Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде білім алып, ұмытылмас тәжірибе жинадым.

Қ.Жұбанов университетіндегі білім мен тәжірибе

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде білім алу – болашақ әлеуметтік педагог маманы ретінде кәсіби құзыреттілігімді дамытуға зор ықпал етті. Университеттің заманауи оқу бағдарламасы, тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамының біліктілігі, білім беру үдерісіндегі жаңашыл тәсілдер мені жаңа қырынан дамытуға септігін тигізді. Теориялық білімнің тәжірибемен ұштасуы менің кәсіби бағдарымды одан әрі айқындап, жаңа көкжиектерді ашты.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде өткен әрбір күн – жаңа біліммен, тың тәжірибемен, рухани толысумен ерекшеленді. Бұл оқу орнының білікті ұстаздары маған педагогика мен психология саласындағы білімді тереңдетуге, мамандығыма деген сүйіспеншілігімді арттыруға жол ашты. Оқытушылардың жетекшілігімен білім алу – мен үшін үлкен мәртебе, ал олардың тәлімгерлік қолдауы кәсіби өсуіме сенімді қадам жасауға көмектесті. Сонымен қатар академиялық ұтқырлық бағдарламасы маған жаңа ортаға бейімделу, жаңа адамдармен танысу, білім мен мәдениеттің алмасуына куә болу мүмкіндігін сыйлады. Ақтөбе қаласының мәдениетімен, тарихи орындарымен танысу, университет қабырғасында ұйымдастырылған мәдени іс-шараларға қатысу студенттік өмірімді одан әрі жандандыра түсті.

Академиялық ұтқырлық студенттің тек білім көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, оның өмірлік тәжірибесін байытып, тұлғалық дамуына серпін беретін ерекше мүмкіндік. Бұл бағдарлама мен үшін тек өзге жоғары оқу орнының білім беру жүйесімен танысу ғана емес, кәсіби жолымды айқындауға үлкен ықпал еткен маңызды кезең болды.

Өмір – үздіксіз білім мен даму жолы. Ал академиялық ұтқырлық – сол жолдағы маңызды баспалдақтардың бірі. Осы мүмкіндікке ие болып, жаңа белестерді бағындыруға жол ашқан М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне, сондай-ақ мені жылы қабылдаған Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіне шексіз алғысымды білдіремін. Бұл білім сапары менің болашақ маман ретіндегі қалыптасуыма зор ықпал етіп, жаңа жетістіктерге жетелейтін даңғыл жолдың бастамасына айналды.

Аяулым ҚЫДЫРСИХОВА,
СП-11 студенті

Хард скиллдар: білімнің негізі

Хард скиллдар — бұл арнайы, өлшенетін дағдылар, оларды оңай анықтауға және бағалауға болады. Оларға нақты пәндер бойынша білім мен техникалық дағдылар жатады, мысалы, бағдарламалау, математикалық есептеулер, құралдармен жұмыс жасау және т.б. Бұл дағдыларды оқытушылар тесттер мен емтихандар арқылы бағалайды. Мысалы, техникалық оқу орындарында хард скиллдар, бағдарламалық қамтамасыз етіліммен жұмыс істеу немесе физика принциптерін білу сияқты білімдер оқу бағдарламасының негізін құрайды. Оларды меңгермей, студенттер курс материалымен сәтті жұмыс істей алмайды. Дегенмен, хард скиллдар білім алу мен болашақ жұмысты қамтамасыз етудің жалпы кепілі емес. Бүгінгі таңда жұмыс берушілер білікті мамандардан басқа, әріптестерімен және клиенттерімен тиімді қарым-қатынас жасай алатын адамдарды да іздейді. Мұнда софт скиллдар көмекке келеді.

Софт скиллдар: табысты өзара әрекеттестік үшін кілт

Софт скиллдар — бұл адами қарым-қатынас, эмоционалды интеллект, уақытты басқару, командада жұмыс жасау және сындарлы ойлау сияқты дағдылар. Бұл дағдылар студенттерге тек оқу материалын меңгеруге ғана емес, сонымен қатар курстастарымен және оқытушыларымен байланыс орнатуға да көмектеседі. Мысалы, командада жұмыс істеу қабілеті топтық жобаларды сәтті орындауда шешуші рөл атқара алады. Эмоционалды

Қамқорлық – адамның жүрегінен туындайтын ең ізгі қасиеттердің бірі. Ол жанашырлық, мейірімділік, көмек қолын созу арқылы қоғамды мейірімді және үйлесімді етуге ықпал етеді. Қазіргі заманда адамдар арасындағы қарым-қатынастың әлсіреуі мен жеке бас мүддесінің басым болуы қамқорлық тақырыбының өзектілігін арттырып отыр. Қамқор болу – тек сөзбен емес, әрекетпен көрсету. Мұның астарында өзгенің жағдайына бейжай қарамай, оның өмірін жеңілдетуге немесе жақсартуға ұмтылу жатыр. Мысалы, біреуге қиын кезде қолдау көрсету, мұқтаж жандарға көмектесу, табиғатты қорғау – бұның бәрі қамқорлықтың көрінісі. Қамқорлық – тек жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамға оң әсер етеді. Біріншіден, ол адамдар арасындағы сенімділікті арттырады. Екіншіден, мұқтаж жандардың өмір сүру сапасын жақсартады. Үшіншіден, табиғатты қорғауға бағытталған қамқорлық планетамыздың экологиялық тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.

Қамқорлық - қоғамды біріктіретін құндылық



Қамқорлықтың көріністері

Адамдарға қамқорлық: Әр адамның өмірінде қиын сәттер болады. Осындай кезде қарапайым қолдау сөздері немесе нақты көмек үлкен рөл атқарады.

Табиғатқа қамқорлық: Қоршаған ортаны қорғау – келешек ұрпаққа таза және қауіпсіз орта қалдырудың кепілі. Ағаш отырғызу, қоқысты қайта өңдеу, суды үнемдеу сияқты әрекеттер – табиғатқа деген қамқорлықтың белгісі.

Жануарларға қамқорлық: Жануарларға баспана беру, оларды тамақтандыру және қорғау – жануарларға деген қамқорлықтың басты бағыттары.

Біздің Батыс Қазақстан облысы Махамбет Өтемісов атындағы университетіміздің ішінде бірнеше еріктілерге арналған ұйым бар. Мысалы, «Qamqog» ерікті қыздар ұйымы. «Qamqog» ерікті қыздары бірнеше игі істер жасап адамдарға күлкі сыйлаған болатын. Еріктілік – бұл жүректен шыққан шынайы мейірімділік пен жанашырлықтың көрінісі. Біздің қоғамымыз үшін маңызды мәселелерді шешуге өз үлесімді қосу – мен үшін ерекше жауапкершілік әрі қуаныш. Еріктілер – қоғамның ең белсенді, жауапты және жанашыр мүшелері. Олар ешқандай сыйақы күтпестен, адамдарға, табиғатқа немесе жануарларға көмектесуді мақсат етеді. Мен ерікті ретінде әртүрлі іс-шараларға қатысып, қоғамға пайдалы істермен айналысамын. Бұл – менің өзімді табуға, бойымдағы мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерімді дамытуға мүмкіндік береді. Ерікті қыздардың қоғамдағы рөлі ерекше. Олар қиындықтарға тап болған адамдардың жанынан табылып, көмектеседі. Қарттарға көмек көрсету, балалар үйлерінде тәрбиеленушілерге қолдау білдіру, экологиялық шараларға қатысу – біздің күнделікті атқаратын жұмыстарымыздың бір бөлігі. Ерікті қыздардың күші олардың бірлігінде. Біз әрқашан өзара қолдау көрсетіп, бірге нәтижелі жұмыс істейміз.

Еріктілік маған не береді?

Ерікті болу – бұл тек көмек көрсету емес, сонымен қатар өзін-өзі дамыту, жаңа адамдармен танысу, өмірлік маңызды дағдыларды игеру. Еріктілік арқылы мен:

- * Мейірімді болуды үйрендім;
- * Жаңа достар таптым;
- * Қоғамдағы мәселелерді терең түсінуге мүмкіндік алдым;
- * Өз уақытымды тиімді пайдалануды меңгердім.

Қоғамға пайда әкелу – менің мақсатым

Мен үшін еріктілік – бұл жай хобби емес, үлкен мақсат. Қарттарға, балаларға және табиғатқа көмектесу арқылы мен қоғамның дамуына үлесімді қосқым келеді. Әрбір адамның қолынан жақсылық жасау келеді. Ерікті болу арқылы мен әлемді жақсартудың кішкентай болса да қадамдарын жасап жүрмін. Менің ойымша, еріктілік – бұл үлкен жүректің ісі. Ерікті қыздар қатарында болу – менің өмірімнің ең маңызды шешімдерінің бірі. Бұл жолда алған тәжірибем мені әрқашан алға жетелейді!

Қамқорлық – болашақтың негізі

Қамқорлық тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның дамуы үшін маңызды. Қамқорлық арқылы адамдар мейірімді, жауапты болуды үйренеді. Бұл қасиет әсіресе жастарға тәрбиелік мәні зор үлгі бола алады. Қамқорлық жасаудың құндылығын түсініп, әрбіріміз күнделікті өмірімізде оны іске асыратын болсақ, қоғамымыз әлдеқайда жақсара түседі. Әр әрекетімізде мейірімділік пен жанашырлық болсын!

Айым СЕРІК,
ЭКО-11 студенті

Оқу процесіндегі хард және софт скиллдардың рөлі

Заманауи әлемде оқу әдістері мен болашақ мамандарға қойылатын талаптар үнемі өзгеріп отырады. Әр студенттің оқу процесінде жетістікке жету үшін хард және софт скиллдардың маңыздылығын түсіну шарт. Бұл екі компонент оқу үрдісін және еңбек нарығына дайындықты біршама жақсарта алады.

интеллект студенттерге өз эмоцияларын түсінуге және басқаруға мүмкіндік береді, бұл стрессті төмендетуге және өнімділікті арттыруға әкеледі. Сындарлы ойлау — бұл тағы бір маңызды софт скилл, ол студенттерге ақпаратты талдауға, негізделген шешімдер қабылдауға және инновациялық шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Заманауи қоғамда ақпараттың артып жатқандығын ескеретін болсақ, бұл дағдылардың маңызы зор.

Хард және софт скиллдардың оқу процесінде интеграциялануы

Сәтті оқу тек хард және софт скиллдардың теңгерімді дамытылуымен мүмкін. Оқу ұйымдары екі типті дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламаларды енгізуде. Мысалы, бірлескен жұмыс талап ететін жобалар студенттерге алған білімдерін практикада қолдану арқылы коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Студенттерді болашақ

мансаптарына дайындау кезінде тағылымдамалар мен практикалық сабақтарға қатысу маңызды кезең болып табылады. Бұл мүмкіндіктер хард скиллдарды практикада қолдануға және кәсіби мамандармен өзара әрекет арқылы софт скиллдарды дамытуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жылдам өзгеріп отыратын әлемде хард және софт скиллдардың рөлін түсіну мүмкін емес. Спецификалық білімдер мен дамыған эмоционалды интеллектке ие студенттер оқу мен болашақ мансапта жетістікке жету мүмкіндігіне ие болады. Сондықтан студенттерге тек кәсіби дағдыларды ғана емес, қоғамда бейімделуге және әлеуметтік ортада табысты болуға көмектесетін дағдыларды да үйрету өте маңызды.

Шахноза НАЖМИДИНҚЫЗЫ,
Фил-42 студенті

АТАМ МЕН ӘЖЕМНІҢ ТӘРБИЕСІ...

Ата-әже көрген әр баланың бұл өмірдегі ұстанымы бөлек болатыны хақ. Балалық шағымның аспаны, балдай тәтті кезеңімнің жаршысы болған ата-әже рөлі өз өмірімде елеулі еді. Бірде әжем «мұрны қоқиған атасына ұқсайды өзі» деп қалды. Мен оған ашулана кетіп «дәп-дәу қылып осы мұрынды...» деп арыздана кеттім. Өсе келе, сондай дана, дара тұлға болған атама сәлде болсын мұрнымның тартқанына қатты қуанатын болдым. Мен үшін шынымен мақтанышқа айналды. Атам ауылда абыройы, беделі бар тұлға болатын. Зоотехник, веттехник жалпы мал шаруашалығына үлесін қосқан кісі. Одан қалса, ауылдағы жоқтықты көріп отырған тұрғындардың жыртысын жыртып, кемегін беретін. Мінезі өте сабырлы, байсалды кісі болатын атам марқұм. Сол тәрбиені көрген әкешем, сол мейрімділікті көрген мен қалай жаман болайын?!

Әжемнің берген ақылын, үйреткен қасиеттерін тізе берсем, қаламның сиясы бітердей. Өзім кішкентайымнан мақала жазғанды, қолыма қалам тисе өлең шығарғанды жақсы көретінмін. Бірде қаладан әкемнің әпкесі келетін болып, әжем жанымда отырып бір дәптерді толтырып өлең жазғаны бар. Әпкем газет, журнал шығаратын еді. «Айтамын, шығартады журналға, Қарлыбайдың немересінің өлеңдері журналда, газетте жүреді» дейтін еді әжетайым. Сондағы әжемнің демеуі ғой болмаса түстен кешке дейін бір дәптерді қалай толтырамын?! Мақтаған сайын, мерейім үстемдеп, шабытым ашыла түсетін. Сосын да болар өмірімде өшпес орны бар әжем мен атам деп көп еске аламын. Әкем мен анамның тәрбиесі ол бөлек, атам мен әжемнің маған махаббаты ол бөлек әңгіме. Мінезімнің осындай қайтпас қайсар, айтқанын жасатпай қоймайтын талапшыл болуы да атам



мен әжемнің үлесінен деп білемін. Мектеп жасымдағы белсенділігім, үздік оқушы атануым барлығы-барлығы отбасымның қолдауынан, демеуінен екен ғой. Қазір де университет қабырғасында ата-әжемнен дарыған қасиеттерімді жоймай, жоғалтып алмай, барынша ашуға тырысып жүрмін. Атам мен әжем қазір жанымда болмаса да, арттарынан аттарын өшірмес ұрпақ қалдырды. Осындай сәттерде, өмірде даналықтың, адамдықтың ең биік екенін байқаймыз. «Өзі өлсе де, сөзі өлмейді» деген керемет нақыл бар ғой. Мен үшін ата-әжем өлмеді, менің жанымда әрқашан қолдау беріп жүргендерін білемін, мен оны сеземін...

Меруерт ҚАРЛЫБАЙ,
ҚТӘ-23 студенті

Жыр жолдары

Қазағым!

Қыран құспен жарысып жыр жазайын,
Сол жырменен ашайын таң шырайын,
Ал, тыңдаңыз, қазағымның жыр-желісін,
Сылап, сомдап, жүрегіммен ақтарайын.

Дара ұлтым, дана ұлтым, өресі зор
Тарихынан өшпеген қисыңы көп, бұралаң жол,
Шыбын жанын шүберекке түйіп алып,
Шыдадың-ау, табанда, болсаң да қор.

Жаныңменен ант еттің, жүз шайқастың,
Елім мен жер үшін деп сөз байластың.
Өмірің қыл үстінде болса дағы,
Көндіктің, батыр болып, болмай қашқын.

Намысшылмыз, батырмыз, ертеден біз,
Естіп өскен өзге жұрттан ыстық лебіз.
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек
Тал бойында қалыптасқан сенсеңіз сіз.

Бастан кешіп, қанша қорлық көріп келген,
Саны аз болса да рухымен бәрін жеңген,
Мағжан атам жастарға сенім білдіргенде,
Өз еліме сенбегенде кімге сенем?

Қазағым - болашаққа жарық берер шамшырақ,
Қылыштың да жүзінен қаймықпайтын, қамшылап,
Онымен қоса, қонақ күту салтымызда тағы бар,
Құр келгенге бетке шаппай, төрін беріп, қарсылап.

Тәрбиелеп өсіреді жастайынан қыр баласын,
Шешен қылып, дамытуда жыр жағасын,
Ұл-қызының дәрежесін төмендетпей,
Төрт түлікпен есептеген құн бағасын.

Қазақтың өткеннен болашаққа қарымы бар,
Маздап тұрып, жанатындай жалыны бар.
Өзге қарап, жарты жолда қалатындай,
Мұқалмас күш-жігердің алыбы бар.

Елім деп еміренген ерлеріңді,
Көп санап, Жер-Ана бір тебінді.
Сол ерлердің өшпес бейнелері,
Мәңгіге қаларлықтай бізге үлгі.

Байтақ жерге көз салып, сұқтанасың,
Арсыздықтың заты мүлдем жұқпағасын
Қаныменен сақтап қалған бұл жерлерді,
Қолына беріп біреудің, қалай ғана шаттанасың.

Сондықтан да, ой толғатып көрейікші,
Тарихтың да терең жолын білейікші.
Тек ол емес зиялының затын біліп,
Ел үшін деп қызмет ете білейікші.

Ақмаржан ХИМАТ,
ҚТӘ-23 студенті

* * * * *

И снова, юный месяц
Мне радость доставляет:
Морозы, стужи, сильный ветер.

Жгучий снег, все в памяти ломает:
Все вспоминаешь, забываешь...
На Родину иду, в такие вот морозы!

Те самые обычные столбы,
с простыми номерами:
Один, два, три... двадцать четыре.
И ветер дерево ломает,
Река Урал сильнее промерзает...
Да, впрочем как всегда,
О чем тут говорить?

О всем! О всем хочу я говорить!
Чтоб в память ударялось лихая радость и судьба!

Чтоб гордость за себя, ломала все стереотипы!
И совесть мучала всегда...
Ведь в памяти, такие тайны!

Пускай! Зачем себя жалеть?
Ведь надо жить!
А умереть, потом, когданибудь успеем!

Мы будем сожалеть о прожитых поступках,
И плакать и смеяться от души.
Но будем помнить, будем помнить!
Когда-то:
Жили как могли...

И память, та тернистая дорога,
В которой нету остановки.

Роман ШЕВЕР,
студент РЯЛ-12

Мамандық – адам өміріндегі ең маңызды таңдау. Адам өмірінде екі нәрседен қателеспеу керек. Біріншісі – жар таңдаудан, екіншісі – мамандық таңдаудан. Басқасы басқа, мамандығыңа деген таңдауың маңыздырақ. Ол сенің болашақта нан тауып жейтін табысың болады. Мамандық – ол сенің болашағың. Өміріңнің бір бөлігі. Неліктен? Себебі, ол сенің отбасыңнан кейін қасыңда болатын, сен жақсы көретін іс. Өмірдегі ең үлкен жетістіктер – сүйікті ісіңмен айналысқанда келеді. Сондықтан мамандық таңдағанда жүрегіңе құлақ ас. Ол саған өз жолыңды көрсетеді.

Мамандықты қалай таңдау қажет? Қазіргі таңда мамандықты дұрыс таңдау қаншалықты маңызды? Былай қарасақ, оңай сұрақтар секілді, бірақ тереңіне үңілсек мамандық таңдау шыныменде қиын. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілік. Менің ойымша мамандықты таңдауда мынадай талаптарды ескеру қажет. Мамандық таңдау алдында мына сұрақты өзіңе қойып көр. Бұл мамандық маған ұнай ма? Бұл мамандықпен жұмыс жасай аламын ба? Мысалы, сен күйбең тіршіліктен шаршаған кезде, көңіл-күйің болмаған кезде жұмысыңа келіп, сол жұмысты жақсы көріп, демалып, шабыттанып істейтін жұмыс, ол сенің мамандығың болуы қажет. Соған қарап таңдау қажет. Сен сол мамандықпен өміріңді бірге өткізетін болғандықтан маңызды шешім қабылдау қажет. Асығыс шешім – қателіктің бастауы болады. Қазіргі таңда көптеген жастарды көреміз. Көбісі өз мамандықтарын жақсы көрмейтіндігін, ата-ана қалауымен таңдағанын айтып жатады. Менің ойымша, ата-ана әрқашанда баланың таңдауын қолдап, оған қолдау көрсету қажет. Мысалы, сен ата-анаң таңдаған мамандыққа оқуға түстің. Бірақ сен ол мамандықпен жұмыс жасағың келмейді, бір жағынан ата-анаңды да ренжіткің келмейді. Бұл менің ойымша дұрыс емес. Біз кішкентай кезімізде ата-аналарымыз бізді ешкімнен кем қылмай өсіру үшін жұмыс жасап, еңбек етеді. Біз соны өскенде ата-анамызға қайтаруымыз қажет. Өз мамандығың өзіңе ұнамаса, ол жұмыста жетістікке жете алмасаң, ата-анаңды қалай қуантып, оларды қалай бағасың? Міне, осы себепті мамандық таңдамастан бұрын жақсылап ойланып, ата-анамен сөйлесіп, талқылау қажет. Сондықтан мамандық таңдағанда алдыңа мақсат қою керексің. Сол үшін қазірден бастап, жақсы мамандық таңдап, ата-анаңды қамтамасыз ету үшін жақсы мамандық таңдау қажет. Тек қана ол емес өзің жақсы көретін жұмыспен айналысу да бар. Табысқа қарап мамандық таңдаудың дұрыс жағы да бар, бұрыс жағы да бар. Негізінен табысқа қарамайды. Ең бастысы - жақсы ниет және адал еңбек ету. Қазіргі таңда көше сыпыру, еден жуу секілді, басқа да қарапайым жұмыстарды ұят санайтын адамдар бар. Әрине, ол дұрыс емес. Қандай жұмыс болса да адал еңбек ету қажет. Адал еңбектің әрқашан да берекесі болады. Сен дұрыс мамандық таңдау арқылы, оны атқару арқылы еліңе қызмет етесің. Осылайша, сен еліңе өз үлесіңді қоса аласың. Мен өз мамандығымды осы нұсқаларға қарап таңдадым. Ең бастысы - өз таңдауым өзіме ұнайды.

Қорытындылай келе, мамандық өміріңдегі ең маңызды екі нәрсенің бірі. Сондықтан біреудің айтқанымен емес, жүрегің қай мамандықты қалайды соны таңда. Қазір саған мамандық жайлы ой айтқан адамдар сенің қасыңда болмайды. Ол мамандықпен сен ғана жұмыс жасайсың. Менің болашақ мамандығым – мұғалім. Мен кішкене кезімнен бастап, мұғалім болуды армандадым. Бауырларыммен мұғалім болып ойнап, тақтаға жазып жатқанымды елестетіп, армандайтынмын. Мен бұл мамандықты таңдаған себебім, балаларға білім беріп, жақсы мұғалім болғым келеді. Ертеңгі болашағымызды тәрбиелеу біздің қолымызда. Өз мамандығыңды жақсы көріп, шабыттанып жұмыс істегенге не жетсін?!

Мира ТЕҢЕЛ,
ҚТӘ-13 студенті

Мен таңдаған мамандық

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады-Издається с 30 января 2016 года

Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

Ахмет Байтұрсынұлы



ЖУРНАЛИСТ

№2 (77), ақпан 2025 жыл (Journalist)

Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

■ Тұлға әлеуеті

Жоғары медициналық білімді кәсіби психиатрлардың пауымдауына, адамдардың 95 пайызы шаршы топ алдына шығып сөйлеуге жүрегі тұрып, батылы бара бермейтін көрінеді. Бұл тұстағы мәселе – мыңдаған адамды қамтыған аудиторияның алдына шығуда емес, жай ғана ата-аналар жиналысында, көршілердің бас қосқан жиынында сөз сөйлеуде де тосылып қалмау жайы. Себебі, сөз адамның айнасы емес пе?! Ендеше, шешендік кісі көркі болмай ма?! *Адамның сөзі – оның ақылының өлшемі.* Олай болса, шешендік өнердің әркез сенім қызметшісі екенін баса ескергейсіз! Шешендік өнердің адам ғұмырының әр қилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретінде сөз сөйлеу сиқырына ие болғызатын шын мәнінде адамның құдіреттілігін танытатын көпқырлы ілім екендігі осында. Батыс философиясының негізін қалаушы ежелгі грек философы, сұңғыла Сократ айтпай ма: *«Сөйлеп көріңіз, мен сіздің кім екеніңізді айтайын»* деп.

Кім-кімде көпшілік алдында сөйлеудің алғашқы алғышарты болар қағидалар жүйесінен хабардар болғаны ләзім. *Тәжірибеге сүйенсек, әсерлі сөйлеу қабілеті адамға тумысынан берілмейді, ол жүре келе, машықтану арқылы жаттығу үдерісінде қалыптасады.* Кім-кімде көпшілік алды көркем сөйлеуді, ойын анық жеткізуді, аудиторияны сендіруді және өзін-өзі ұстай білуді үйренуді жете меңгеруді қалары сөзсіз. Кім-кімде өз ойын ашық жеткізуді, алғашқы мезеттен-ақ аудиторияны баурап алуды, өз сөзінің мазмұнын арттыратын мысалдар мен статистикалық деректерді орнымен келтіруді, тыңдаушыларды өз позициясының дұрыстығына сендіруді және айтқан сөздерін дәл айшықтау үшін дене қимылының тілін де пайдалануды қалары анық.

Сөз сөйлеуде табысқа жету сөйлеушінің алдын ала әзірлігі мен тақырыбын терең меңгеруіне, сөйлеу тақырыбы туралы өзіндік көзқарасының қалыптасуына бірден-бір байланысты. Ежелгі грек философы, математик Демокрит айтпай ма: *«Небір өнер, небір даналық шыңына оларды оқып-үйренбей қол жеткізу әсте мүмкін емесін білгейсіз!»* деп. Ол үшін ғалымдардың сөзіне құлақ қойсаңыз, есіңізде ұстасаңыз жеткілікті. Мемлекет қайраткері, саясаткер, дүлдүл шешен Демосфен бұл орайда: *«Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік»* дер еді.

Сіз шаршы топ алды сөз сөйлеуде аудиторияның көңіл-күйіне әсер етуге тиіссіз. Бұл ретте де барлығы өзіңізге байланысты. Мәселен, сіздің сөз сөйлеудегі енжар қалпыңыз аудиторияның да еңсесін езеді. Сіз жауапкершілікті ұмытсаңыз, аудиториядан да соны күтіңіз. Ал егер сіз салмақты сөз айтып, ерекше ынта-жігермен, ықыласпен ұшқындата сөйлесеңіз, тыңдаушылардың да көңіл-күйі көтеріңкі болмақ. Ақыл-парасаты, сана-сезімі және қиялдай білуі қалыпты адам егер де жігерлі жұмыс жасар болса, кез келген уақытта да іскерлік тұлғада танылмақ. Демек, сөз сөйлеудегі энтузиазм, тіпті шығармашылық құлшыныс – шешендік сөйлеу мәдениетінің маңызды факторларының бірі.

Кім-кімде шаршы топ алды сөз сөйлеуде өзіне сенімді болуды, ойын байыпты жеткізуді, сөйлеп тұрып ойлау қабілетін меңгеруді қалайды. Кім-кімде өз ойын логикалық тәртіппен түзуді, аудиторияның алдында анық та қанық, сенімді сөйлеуді үйренуге құштар. Ал өзіне сенімді әрі батыл болу, аудитория алдында байсалды қалпынан танбай әрі ойын нақпа-нақ жеткізу қабілетін меңгеру, көбіміз ойлағандай, қиындықтан оннан да бірі бола алмайды. Бұл Құдайдың санаулы адамдарға берген дарыны емес. *Жалпы шешендік өнер тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл - бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те.* Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік

өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере алады. Демек, шешен сөйлеу мәдениетін меңгеру – бар болғаны әлдебір ойынға ұқсас ойлы әрекет қана. Өркім бойында жасырынып жатқан қабілеттерін аша алады, тек оны өзі қаласа болғаны. Бұл ретте іс-тәжірибе нәтижелігі жаттығуға бірден-бір байланысты. Тұрақты жаттығудың арқасында аудитория алдындағы қорқыныштан арылуға, мызғымас сенім мен батылдықты бойға дарытуға әбден болары даусыз.

Шаршы топ алды сөз сөйлеу адамға қашан да үлкен жауапкершілік жүктейді. Тіпті аудитория шағын қалыпта болса да, адамның қобалжуы әрі абыржуы заңды. Асылы, ділмар адам тізгінмен алысқан асыл тұқымды тұлпардай қиналуға тиіс. Күллі қауымды аузына қаратқан дүлдүл Марк Тулий Цицеронның өзі осыдан екі мың жыл бұрын: *«Шын ділмар шаршы топ алдына шығып сөйлеген сайын тебіренуге тиістігін»* айтқан.

Шешен сөйлеймін десеңіз!..



Сөз сөйлеуге жаттығу сәтінде машық-дағдыларыңыздың анағұрлым тиімді болуы үшін, тез арада ауыздыға сөз бермес шешен болғыңыз келсе, төмендегідей бірер ереже-қағидалар жүйесін ескеруді жөн көреміз: *Біріншіден, сөйлер сөзіңіз жоғары деңгейде шығу үшін, алға қойған мақсатыңызды жан-тәніңізбен қалау және осы жолда мейлінше жігерлілік, табандылық таныту.* Әлемге әйгілі ойшыл, Аристотельден кейінгі дүниежүзі білімі мен мәдениетінің Екінші ұстазы Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки ғұлама бір нәрсеге не өнерге талпыну үшін адамдарға, ең алдымен, табандылықтың қажеттілігін баса айтқан. Егер де сіз ештеңеге зауқы соқпайтын, енжар тұлға болсаңыз, ғаламат нәтиже күтпей-ақ қойыңыз. Ал алғы мақсатыңызға табанды түрде екпіндей ұмтылсаңыз, онда сізге ештеңе бөгет бола алмайды.

Білім – мақсат емес, қару. Білім еске сақтау арқылы емес, өз ойыңның күш салуымен алынғанда ғана білім. Білім алуға бар ынтаңызбен білек сыбана кірісіңіз. Мұның маңыз-мәні сіз ойлағаннан да әлдеқайда жоғары. Сол себептен де үлкен күш-жігермен үйренген үстіне үйрене түсіңіз. Оның тиімділігін, пайдасын сезініңіз. Оқудың арқасында адамның өзіне сенімі еселей артып, әрбір сөзі неғұрлым дәлелді бола түседі. Мұның қаржылық және әлеуметтік жағдайды көтеруде маңызды рөл атқаратынын, ықпалыңыз артқан сайын көбірек дос-жолдас табарыңызды және бойыңыздағы көшбасшылық қасиеттерді одан әрі дамыта алатыныңызды, тіпті басшылық лауазымға қолың жетуі ықпалдығын ойлаңыз. Біле білсек, адамға табиғат сыйлаған қабілеттің ешқайсысы да тұлғаны жақсы сөйлей білудей көпке танытып, қызмет бабында тез өсуіне жағдай жасай алмайды

Екіншіден, не туралы сөйлеріңді нақты білу. Сөз

сөйлер мезетте алдын ала ойлана, іштей қорыта әрі не айтарын күнілгері айқындап, жоспар құрмаған адам шаршы топ алдында өзіне сенімді бола алмасы даусыз. Бұл ретте бір соқырды жетелеген екінші бір соқырдай абыржи ұялып, өзіңді-өзің кінәлі сезінерің сөзсіз. Демек, жоспар – жарты жұмыс.

Үшіншіден, сенімді болу. Әр адамға сенімділік қажет. Кездейсоқ сенімнен айрылып, іштей сасқалақтай қалсаңыз, дереу өзіңді қолға алыңыз. Сезімтал әрі сергек көрінуге тырысыңыз. Күллі күш-жігеріңізді осыған бағыттаңыз. Атақты психолог Уильям Джеймске сүйенсек, бір қарағанда күллі іс-әрекетімізді сезімдеріміз басқаратындай көрінуі мүмкін, алайда олар қоян-қолтық әрекет етеді. Егер біз қалауымызға бағынышты мінез-құлқымызды басқара алсақ, онымен бірге мінез-құлқымызға тәуелді сезімдерімізді де басқара аламыз. Адам бойындағы осы құбылысты танудың өзі ғажап емес пе. Тура осы сияқты егер өзіңізді сенімді сезінгіңіз келсе, қорқынышты елемеге тырысыңыз. Бар күш-жігеріңізді осы мақсатқа жұмсаңыз, сонда сенімділік қорқынышты ығыстырып шығарады. Демек, шаршы топ алдында сөйлегенде сенімді болу үшін, өзіңізді батыл адамдай ұстаңыз. Әлбетте, егер дайындығыңыз нашар болса, өзіңізді қалай ұстасаңыз да нәтиже шығара алмайсыз. Ал егер не айтатыныңызды нақты білсеңіз, ештеңеден қорықпай, сенімді қадам жасап, терең тыныс алыңыз. Аудиторияның алдына шықпас бұрын отыз секунд бойы терең тыныстауға кеңес береміз. Бір ғажабы, ағзаңызға шамадан тыс оттегі құйылса, денеңіз сергіп, батылдана түсесіз.

Төртіншіден, сөз сөйлеуге машықтану, шынығу. Бұл шарттың мәні ерекше зор. Адам баласы шаршы топ алды сөз сөйлегенде өзіне сенімді бола түсуі үшін ұдайы сөйлеп жаттыға беруі тиіс. Тіпті, оқыған-тоқығаныңызды ұмытып қалғанның өзінде сөзді асып-саспай, бүлдірмей сөйлеудің бірден-бір ең маңызды да мүлтіксіз тәсілі – осы. Шынтауайтында, осының бәрі бір мәселеге, яғни, қайта-қайта машықтануға, жаттығуға, шынығуға келіп тіреледі. Бұлсыз ешқандай нәтижеге қол жеткізе алмайсыз.

Кез келген істі бастайтын адам іштей толқып, айрықша қобалжыры сөзсіз. Бұның жасқаншақтыққа еш қатысы жоқ. Мұндай сәтте шаршы топ алдына сөз сөйлеуге шыққан адам алғаш рет қарсы алдынан жабайы аң шыққандай, немесе атыс-шабысты ұрысқа кіргендей, не істерін білмей сасады. Шешен адамға бұл тұста батылдықтың гөрі, байсалдылық пен салқынқандылық керек. Ал бұл қасиеттер тек күнделікті тәжірибе үдесінде ғана қалыптасады. Үнемі өзін-өзі бақылайтын жан ғана жағдайды толық уысында ұстай алары сөзсіз. Ал бұл адамның өдетіне, күш-қуаты мен ерік-жігеріне тікелей байланысты. Сонда бәрі де біртіндеп жеңілдей түседі. Демек, ерінбей еңбектеніңіз. Біле білсек, қорқыныш білімсіздік пен сенімсіздіктен шығады. Басқаша айтсақ, осының бәрі – адамның сенімсіздігінің нәтижесі. Ал сенімсіздік қайдан шығады? Ол, шын мәнінде, қолыңыздан не келетінін білмегендіктен туады. Ал білместік тәжірибенің жетіспеуінен пайда болады. Егер жеткілікті тәжірибе жинақтасаңыз, қорқыныштан арыласыз, құдды бір жазғы шілде айындағы күн сәулесі әсерінен сөйілген түнгі тұмандай ғайып болады.

Бір сәт ойлап қараңызшы, суға жүзуді үйрену үшін суға түсу қажеттілігін кім жоққа шығарады. Демек, ендігі кезекте тәжірибеге ден қоялық. Мәселен, өзіңіз жете білетін бір тақырыпты таңдаңыз, ол бойынша үш минуттық сөз дайындаңыз және мұқият жаттығыңыз. Сосын топтың немесе достарыңыздың алдына шығып, бар жігеріңізді жанып, сөз сөйлеңіз. *Іске сәт!*

Абат Сатыбайұлы ҚЫДЫРШАЕВ,
ритор-педагог, педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Жангүлім АЙДАРБЕКОВА, Меңсұлу ИЗБАСАРОВА,
филология факультетінің IV курс студенттері

«Nxplogers: креатив пен сыни ойлаудың жаңа көкжиегі»

3 ақпан күні білім мен шығармашылық тоғысқан ерекше сабақ өтті. Біз Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Жаратылыстану-география факультетінің Г(ІР)-11 тобының студенттері, «Креативті және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырудағы Nxplogers әдісін тиімді пайдалану» тақырыбындағы бинарлы ашық дәріске қатыстық.

Бұл сабақ бізді тек тыңдаушы емес, белсенді ойшыл болуға жетеледі. Ойлау көкжиегімізді кеңейтіп, кез келген мәселені жан-жақты сараптауға, логикалық байланыстарды анықтауға үйретті. Бинарлы дәріс тек теориялық біліммен шектелмей, оны шынайы өмірмен ұштастыруға мүмкіндік берді.

Сабақ барысында алдымен «Шелл Қазақстан» компаниясы жайлы мағлұмат алып, «Shell Nxplogers» бағдарламасының мәні мен маңызын түсіндік. Оның мақсаты мен міндеттері, әлем бойынша қанша елде жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде тың деректерге қанық болдық. Одан әрі бізді нағыз зерттеушілерге айналдырған тапсырмалар кезеңі басталды. Өртапсырма біздің таным көкжиегімізді кеңейтті. Алғашқы тапсырма – «Байланыстар шеңбері әдісі» бізге кез келген мәселенің өзегін табуға, оның түрлі салалармен байланысын анықтауға мүмкіндік берді. Әр топ өзіне берілген тақырып аясында терең ойланып, шеңберлер арасындағы



логикалық тізбекті құрды. Бұл әдіс бізді тек ақпаратты қабылдаушы ғана емес,

оны сараптаушы деңгейіне көтерді. Екінші тапсырма – «Сендіру пирамидасы» бізді

шешендікке, өз ойымызды дәлелді әрі жүйелі жеткізуге баулыды. Топ болып бірлесе жұмыс істеп, белгілі бір мәселенің шешу жолдарын жан-жақты қарастырдық.

Сабақ барысында тек білімімізді жетілдіріп қана қоймай, пікір алмасу арқылы жаңа ойлар қалыптастырып, көзқарастарымызды шыңдадық. Осылайша, пәнаралық интеграция элементтері қамтылған бұл бинарлы сабақ біз үшін ерекше тәжірибе болды. Ой-өрісімізді кеңейтіп, түрлі мәселелерге сыни тұрғыдан қарауға үйрендік. Әрбір тапсырма бізді ойлануға, зерттеуге, пікірталас жүргізуге жетеледі.

Сабақ барысында алған біліміміз бен дағдыларымыз болашақ кәсіби жолымызда бағдарламалар іспетті болары сөзсіз. Біз тек теорияны меңгеріп қана қоймай, оны шынайы өмірде қалай қолдануға болатынын түсіндік. Мұндай сабақтар бізді пәндер арасындағы үйлесімділікті сезінуге, кез келген мәселені жан-жақты қарастыруға және креативті ойлау қабілетімізді дамытуға шабыттандырады.

Осындай әсерлі әрі мазмұнды сабақты ұйымдастырып, бізге тың білім мен жаңа тәжірибе сыйлаған биология, география, химия мұғалімдерін дайындау БББ оқытушысы Хайруллина Айнұр Кенжалиқызы мен Мичурин мектеп-бөбекжай-балабақша кешенінің география пәні мұғалімі, педагог зерттеуші Даулетова Эльвира Ерболатқызы ұстаздарымызға алғысымыз шексіз!

Нұрсая ҚАЙСАР,
Г-11 топ студенті

2025 жылдың 03.02-28.02 аралығында Тарих, экономика және құқық факультетінде «Жоғары мектепте инновациялық білім беру технологияларын қолдану тәжірибесі» тақырыбында ұйымдастырылған әдістемелік айлықтың шеңберінде ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., аға оқытушы А.С.Байбулсинова, оқытушы, магистр А.С.Ғұбай «Қазақстанның ортағасырлар тарихы» пәні бойынша «Инсайт» әдісімен 6В01601-Тарих БББ бойынша Ист-21 топ білім алушыларымен ашық сабақ өткізілді.

Инсайт әдісі бойынша ашық сабақ — білім алушылардың жаңа білімді өздігінен ашуы мен түсінуіне бағытталған оқыту әдісі. Мұнда оқытушы мен білім алушыларға тек дайын ақпаратты бермейді, керісінше, білім алушыларды белсенді ізденуге, ойланып, зерттеуге ынталандырады. Сабақтың негізгі мақсаты — білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, олардың дербес білім алуын қамтамасыз ету. Ашық сабаққа әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялар бөлімінің әдіскері Ермекбаева Лаура Джасузаққызы, факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.М.Утешова, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі

Инсайт әдісі

орынбасары Г.Т.Жалекенова және БББ-ның оқытушылары қатысты. Инсайт әдісі бойынша ашық сабақ білім алушылардың ойлау, шешім қабылдау, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Семинар сабақ барысында Survio, LearningApps, Eric Pen платформасы арқылы «Қазақтар» шежіресі туралы «youtube» каналы арқылы арнайы видеолар және «tutmalas.kz» сайты арқылы ақпараттар беріліп, сілтемелер білім алушыларға

жіберілді. Сабақта қолданылған «рулетка», «жасанды интеллект», «тапқыштар», «сұрақ-жауапқа құрылған хат» әдістері қолданылды. Семинар соңында рефлексиялық кезеңдермен білім алушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын арттырып, олардың білімін тереңдетуге ықпал етуге және сабақтың мақсатына жетуге көмектесті.

Айдана ҒҰБАЙ,
ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы,
тарих магистрі



Ұлттық құндылықтар дәріптелді

Ұлттық құндылықтар – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан ғасырға жеткен халықтың қазынасы тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері – ұлтымыздың рухани байлығы.

М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Ұлттық құндылықтар тәрбиенің түп қазығы» жобасы аясында 18-ақпан күні Мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен «Мың бір мақал, жүз жұмбақ, бір бауырсақ» атты сайыс өтті. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Университетіміздің әр факультетінен қазақ халқының ғасырлар бойы жинаған ақыл-ой алтынының сандығын ашуға келген жалынды жастарымыз мақалдардың жалғасын тауып, жұмбақтарды шешті. Әрбір дұрыс табылған жауапқа бір бауырсақтан беріліп отырды. Ойын жеңімпаздары бауырсақтар санымен анықталды және факультетіміздің атынан барлық қатысушыларға ұлттық құндылықтарға байланысты сыйлықтар табыс етілді. Өнерлі жастар кезеңдер ортасында қазақтың қара домбырасымен арнайы айтыс ұйымдастырды. Қатысушыларды шабыттандыру мақсатында әннен де шашу шашылды. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеген іс-шарада студенттер өздерінің қазақи тәрбиенің алтын өзегінен ажырамағанын көрсетті.

Аружан АМАНЖОЛОВА,
ҚДР-11 студенті



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021ж. қайта есепке алу туралы №КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс №175

РЕДАКТОР: Мейірман ЖАНҰЗАҚОВ

ТІЛШІЛЕР:

Аружан ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ, Айым СЕРІК,
Айяру БЕЙБИТҚЫЗЫ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
тел.: 50-51-48, 51-41-99